	Мақсаты: *Достық туралы түсінік бере отырып, сыйлық, сыйластық ұғымына байланысты достық үйін құрастыруды үйрету.* ***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *құрылыс материалдары және үлгі суреттер, кішкентай ойыншықтар.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Біздің топтың ұл- қыздары,* *Тату тәтті ойнайды.* *Әлемдегі бар адамға,* *Тек жақсылық ойлайды.* ***Қызығушылықтрын ояту.*** *Айгүл қуыршақ қонққа келеді.* *Балалардан көмек сұрайды.* *Достарына үй салып салып беруеріңізді қалайды.* *Балалар құрылыс салуға дайын екендіктерін білдіреді.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Үйлерді салыстырайық»* ***Топқа бөлу.*** *Биік үй,аласа үй суреттері арқылы.* *Балалар суретке қарап топқа бөлінеді.* *1-топ Биік үй* *2-топ Аласа үй* ***Тапсырма беру.*** *1-топ биік үй құрастырады.* *2- топ аласа үй құрастырады* ***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***			*қысқаша түсінік беру.* *-Кроват деген не?* *-Оны не үшін пайдаланамыз?* *-Онда қандай пішіндер пайдаланылған?* *Ойын: «Не жетпейді?»* *Шарты: Жиһаздардың бір бөліктері жетпейтін суреттер көрсетіледі* ***2. Ғажайып сәт.*** *Қонаққа қуыршақ Сәуленің келуі.* *-Амандасу.* *-Балалардан көмек сұрау.* ***3.Ой қозғау.*** *Сурет салудың әдістерін түсіндіру.* *Сөздік жұмыс жүргізу.* ***3. Өз беттерінше*** *жұмыс жасау.* *Қадағалау.* *Қуыршаққа кроватқа ұйықтату.* *Қортынды .* *Балаларды мадақтау.*	

	– Балалар, үй құрылысын бастамас бұрын, ол қандай бөліктерден тұратынын көрсету. *іргетасы, қабырғасы, төбесі, терезесі, есігі, баспалдағы т.б* ***Көп қабатты үйдің үлгісін қарау.*** *Іргетасы кірпіштен, едені – пластинадан, қабырғасы – кірпіштер мен текшелер болып алмасып отырады; бөлмелер пластиналар көмегімен бөлінеді көрсету,түсіндіру.* *Балалар үй құрастыруға кіріседі.* *Бақылау. Жеке көмек көрсету.* ***Сергіту сәті.*** *Ал, балалар, тұрайық* *Алақанды соғайық.* *Бір отырып, бір тұрып* *Біз тынығып алайық.* ***Қорытынды.*** *Айгүл қуанып достарын шақырады.* ***Дидактикалық ойыны.*** *«Тұрғындарды үйге орналастырамыз» Балалар үйлердің әрбір бөлмесіне аңдарды және олардың достарын орналастырады.* *Айгүл рахмет айтып қоштасады.* *Балалардың жұмысын талдау.* *Мадақтау.*				
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				

Серуен:	***Картотека №9*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген Бекіту.***	***Картотека №10*** *Торғай мен Қарғаны бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека № 17*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық* ***Картотека қосымша тігілген***	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық* ***Картотека қосымша тігілген***	***№51. Ояну*** ***Оянайық балалар*** ***Маған тезірек қарандар*** ***Шапалақты ұрайық*** ***Орнымыздан тұрайық***
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Мнемотехника әдісі*** ***Тақырыбы: Жануарлар әлемі*** ***Мнемокестемен жұмыс.*** ***Мақсаты:*** *Балалардың мнемо-кесте арқылы жануарлардың ерекшелігін өз ойымен толық жеткізуге үйрету.*	***Вариативтік бөлім***	***Мнемотехника әдісі*** ***Тақырыбы: Киімдер*** *Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай отырып, балалардың киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету.*	***Вариативтік бөлім***	***Тіл ұстарту жаттығуы*** *Өс- өс- өс,* *Тігіп алдым қос,* *Екіге екіні қос.* *Көңілде жоқ қос.* *Өс-өс-өс.* *Өнегелі болып өс.* *Ұқыпты боп өс.* *Ағаш тез- тез өс.* ***Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.***
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №9*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека №10*** *Торғай мен Қарғаны бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека №11*** *Күнді бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека №13*** *Аула маңындағы көліктерді бақылау.* ***Картотека қосымша тігілген***	***Картотека №4*** ***Ауа- райының салқындауын бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*

Балалар-дың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Келе жатқан демалыс күндеріне үй тапсырма беру.Жапырақтардан жапсыру арқылы өзіне ұнаған затты бейнелеу*

ЦИКЛОГРАММА
I апта қазан 2021-2022ж
Мектепалды даярлық тобы

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»
Тақырыпша. «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі:04.10.2021	Сейсенбі:05.10.2021	Сәрсенбі:06.10.2021	Бейсенбі:07.10.2021	Жұма08.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	***Картотека № 12«Телефон»*** ***Мақсаты:*** *естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогтысөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.* *Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы*	***Картотека №2*** ***«Не қайда тұрады?»*** ***Мақсаты:*** *Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту* *Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы.*	***Санамақ айту*** ***Бір үйде біз нешеуміз?***	***Картотека № 19*** ***«Орнын тап»*** ***Мақсаты:*** *балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.* *Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы*	***Картотека №6*** ***«Апта күндері»*** ***Мақсаты:*** *Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету* *Картотека қосымша тігілген.Қатынас саласы*
Таңертеңгі гимнастика	***Қазан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас	***Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*** ***Ойын- жаттығу*** *:* *Ас ішер кезде,* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені* *Ойламаймыз білмейміз.* ***Сықырлы сөз:*** *"Астарыңыз дәмді болсын!"* *Рахмет айтуға тәрбиелеу*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* ***Шаттық шеңбері:*** ***Көк аспанда күн күлсін,***				

	Бірге күлсін бүлдіршін. ***Көк аспанда күн күлсін,*** ***Жерге ұдайы нұр құйсын.***				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Тақырыбы: Шығармашылық әңгіме «Менің отбасым»* *Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі , дастархан басындағы орны туралы түсінеді. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімдері оянады.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»*** *Бір шаңырақ астында,* *Тату –тәтті тұрамыз.* *Бірге ішеміз асты да,* *Бірге сайран құрамыз.* ***ІІ.Қызығушылықты ояту.*** *Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап* *Саяхатқа немен шыққан ұнайды?* *Автобус пен поездың айырмашылығы неде?* *Автобуспен саяхатты таңдау* ***1. «Достық аялдамасы»*** *- Балалар сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма?- Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?- Біз білетін достық ережесі қандай еді?* *- жолдастарыңа көмектес.* *-қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.* ***2. «Отбасы аялдамасы»*** *- Балалар отбасы деген не?* *- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/*	***1. Сауат ашу негіздері*** ***Тақырыбы: Сөз және буын.*** ***Мақсаты:*** *Балаларға сөз және буын туралы түсінік бере отырып, берілген тапсырмалар бойынша, сөздегі дыбыстар, буынға бөлу тапсырмаларды дұрыс орындауға үйрету.* ***ҰОҚ өтілу барысы.*** ***І. Көңілді шеңбер.*** ***«Балдырған баламыз»*** ***Е.Өтетілеуов*** *Балдырған баламыз,* *Досты көп табамыз* *Қашан да, қайда да* *Сенімді баламыз* ***І.2. Қызығушылықты ояту.*** ***Сиқырлы сандық.*** ***Тапсырмалар легі.*** ***Балаларды топқа бөлу.*** *1-топ жемістер* *2-топ көкөністер* *3-топ жапырақтар* *4-топ ағаштар* ***1-топ тапсырмасы.*** *1. Дыбыстар нешеге бөлінеді?* *2. Жуан дауыстыларды ата.* ***2-топ тапсырмасы.***	***1.Математика негіздері.*** ***Тақырыбы****: Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі.* ***Мақсаты****:Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру.Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; Өз ара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.* ***ҰОҚ-нің өтілу барысы*** ***І. Мига шабул.*** *-Қазір жылдың қай мерзімі?* *- Қандай ай?* *- Бүгін аптаның қай күні?* *-Балалар жерде не шашылып жатыр?* *-Дұрыс жапырақтар.* *Жапырақтардың түстері бірдей ма?* *Балалардың жауаптары.* *-Ал,енді осы жапырақтарды теріп алыңдар.* ***Балаларды жапырақтар түсіне қарап бөліп, отырғызу.*** ***ІІ. Ой қозғау.*** *1-топ сары жапырақтар* *2-топ жасыл жапырақтар* *3- топ қызыл жапырақтар* *Әр топқа тапсырма беру.* *1-топсары жапырақтар.*	***1. Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы:****Сөздерге дыбыстық талдау жасау. Сөзбен дыбыстың айырмашылығын түсіндіру.Буындардан сөз, сөзге сөйлем құрауды үйрету.* ***Мақсаты:****Сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту.* ***Көрнекілік:*** *сюжетті суреттер, слайд.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** *1.Амандасу.* *І. Мига шабуыл.* *2.Жыл мезгілін,ай атын,апта күнді сұрау.* ***ІІ. Тосын сәт.*** ***Айгүл қуыршақтың келуі.*** ***Сұрақтар ілмегі қорапша*** *1.Дыбыс дегеніміз не?* *2.Әріп дегеніміз не?* *3.Дыбыстар нешеге бөлінеді?* *Дыбыс деген не?* *(естиміз,айтамыз)* *Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейміз?* *Дауыссыз дыбысты қандай текшемен белгілейміз?* ***ІІ. Ой дамыту.*** ***Слайд. Суретпен жұмыс.*** *Не көріп тұрсыңдар?* *Кім қуыршақ сөзіне сөйлем құрайды?* *Кім машина сөзіне сөйлем құрайды?* ***Дидактикалық ойын «Кім***	***1.Мүсіндеу*** ***Тақырыбы:«Бақшадағы өнімді жинау» (сәбізді жинау)*** ***Мақсаты:*** *домалақтау, сопақшалау, шымшу тәсілдері арқылы сәбіз мүсінін жасауды үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңберіне*** *Ғажайып сәт.* *Балалар бүгін бізге Қоян қонаққа келеді.* *Балалардан көмек сұрайды..* *Қоян: балалар мен орманда серуенден жүр едім, менің себетімдегі сүйікті асым сәбіздерім түсіп қалған. Енді менің көжектерім аш қалды. Маған сүйікті асымыз сәбіз керек.* ***Ой қозғау.*** *Балалар қоянның сүйікті асы не? .* *-Балалар қоянға көмектесеміз бе?* *Қане орнымыздан тұрайық,сергіп, сергіп алайық.*

	-Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек. **Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату.** **Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»** **1-бала:**Айтшы білсең егер де, Бақыт деген не? **2-бала:** Бақыт деген, шырағым Мынау әсем тұрағың. Ну ормандар, гүл бағы, Күннің күліп тұрғаны БАҚЫТ- дәні даланның. «Ботам» деуі әжеңнің, Тыныштығы әлемнің. **3-бала:** Қайда бақыт мекені, Қалай оған жетеді? **4- бала:**Адал еңбек етесің Сонда ғана жетесің. **Сезім:** Көрінбейтін көзіңе, Сонда оның өзі не? **5- бала:**Бақыт деген, сөзім шын Айналайын, өзіңсің! **3. «Бақыт аялдамасы»** Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Ягни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Балалар бақыт деген не екенін өз сөздерімен айтып берсін. **Қортынды** **Аспан тұрса күлімдеп,** **Ақса бұлақ гүрілдеп,** **Болса Отаны аман-сау.** **Балаларға сол бақыт.** Балаларды мадақтау	1. Кітап сөзіне дыбыстық талдау жаса. 2. Жіңішке дауыстыларды ата. **3-топ тапсырмасы.** Алма, Алмұрт, Айна, Шарлар, Тақта, Парта сөздерін буынға бөл. неше дауысты дыбыс бар. Шарлар мен шар сөздерін буынға бөл , айырмашылығы неде? **4-топ тапсырмасы.** Тақпақ дегеніміз не, сөйлем дегеніміз не? Тақпақ айта білесің бе? **II. Ой қозғау.** Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру **Дид ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта»** **Шарты:** Бір дыбыс немесе бір сөз бастау, қалған бала соны жалғастыру. **Бекіту кезеңі:** Сұрақ-жауап **Балаларды мадақтау.** **2 Жапсыру.** **Тақырыбы: Жеміс тер натюрморты.** **Мақсаты:** Балаларға натюрморт мағынасын түсіндіру. Бір ыдысқа әр түрлі жеміс терді жапсыру арқылы	Берілген суретті салыстыру. Таңбасын қоя білу. 2- жасыл жапырақтар тобына тапсырма: Суретпен жұмыс. Адасқан сандар. Шарты: Сандарды суреті бойынша жинақтау, тура және кері санау. 3-қызыл жапырақтар тобына тапсырма: Көршісін тап ойыны. Тақтаға шығып керек сандарды орналастыру керек. Әр топтың жауаптарын тыңдау, мадақтау. **Сергіту сәті** Орнымыздан тұрайық Аяқты нық басайық (бір орында жүру) Бір отырып, бір тұрып (тізе бүгіп отырып, тұру) Біз демалып алайық (орнына отыру **III. Ой дамыту.** **«Бұл қай кезде болады» жұмбақ жасыру.** Тәулік бөліктері туралы. Ұйқымыздан тұрамыз Беті-қолды жуамыз Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз Бұл қай кез болады балалар? **(таңертең)** Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын Тамағымды ішіп Түсте ұйықтап жатамын. **(Күндіз)** Біз тәртіпті баламыз	**байқағыш»** Ойынның шарты:экранға шыққан суреттің басындағы дыбыс дауысты болса қызыл текшені,дауыссыз болса көк текшені көтереміз. **Сергіту сәті.** **III. Ой қозғау.** **«Адасқан буындар» ойыны.** Берілген буындардан сөз құрау,сөздерден сөйлем құрау. Ба, На,Та,РА,Са,Ша,Да **Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.** **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме) **Мақсаты:** Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. **Қолданылатын көрнекі құралдар:**Отбасы суреті,кубик, желім,қайшы, түрлі түсті карандаштар. **Оқу қызметінің барысы:** **I. Шаттық шеңбер** Е. Өтетілеуұлы. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға, «Қайырлы таң!»- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!»- тілеймін. **II. Қызығушылықтарын ояту.**	**Сергіту сәті.** Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Ойлы, қырлы жерлермен Ытқып, ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің . Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. **Ой қозғау.** Ендеше қалай көмектесеміз? Балалар қоянға чәбіз коп керек. Сол үшін 2 топқа бөлініп сәбіз жасап берейік. **Топқа бөлу.** **Өз қалаулары бойынша топқа бөлінү** **Үлгі көрсету түсіндіру.** Оларға сәбіз жасап беру үшін, алдымен мына менің қолымдағы сәбізге қарайық. Сәбіздің түсі қызғылт сары болады. Сәбіздің бас жағы үшкір, сопақша келеді. Және ұзынша келген жапырақтары бар екен. **1-топ** үлкен сәбіз мүсіндейді. **2-топ** кішкентай сәбіз мүсіндейді. Енді балалар жұмыстарымызды бастайық. Бақылау. Жеке көмек.

	2.Жаратылыстану ***Тақырыбы:***. *Туған жердің табиғаты* ***Мақсаты:****Туған жердің табиғатына деген қызығушылықтарын ояту.Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге жетілдіру. Табиғаттың досы болуға.оны қорғай білуге тәрбиелеу* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***Шаттық шеңбері. Н. Жанаев.*** *Табиғат – анамыз.* *Табиғат ол –анамыз,* *Табиғатқа баламыз.* *Құшағында ойнаймыз,* *Шаттық әнге саламыз.* ***ІІ.Қызығушылықты ояту***. ***1. Ой қозғау:*** *-Жыл мезгілдеріне саяхат.* *-Сюжетті суреттермен жұмыс.* *-Бір жылда неше мезгіл бар?* *-Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата?* *-Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды?* *-Қазір қай мезгіл -* *-Табиғат пен адамның байлынысын атап өту.* ***Сергіту сәті: «Құбылыстар»*** ***. Тренинг ойын – «Табиғатпен сырласу».*** ***Авторы Г.Таласбаева.*** *-Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару.* *-Елестету. (көзді жұму)* *- мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат.* ***1. Бұлаққа кездесу.***	*натюрморт шығару. Жемістердің аттарын, олардың пайдасын түсіндіріп, баланың ойлау қабілетін дамыту.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ*** ***Шаттық шеңбері.*** *«Арайлап таң атты»* *Арайлап таң атты,* *Күн шуағын шашты.* *Сәлем күн, сәлем жер* *Сәлем достар* *Бәріміз бірге болайық.* ***Миға шабул*** ***1.1Жұмбақ жасыру.*** *Сыртындағы азығы,* *Ортасында бар қазығы.* ***(Алма) т.б*** *алмұрт, өрік, жүзім)* ***Ой дамыту*** *Натюрморт туралы түсінік беру.* *- Натюрморт дегеніміз не?* *- Біз қазір ненің натюрмортын көріп тұрмыз? -Осы жемістер бізге не береді?* *Түсі, пішіні, қайда өсетіні т.б.* *Сұрақ – жауап.* ***Сөздік жұмыс.*** *Натюрморт,* *бақ, дән, дәрумен.* ***2. Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.*** *Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.* *Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.*	*Сабақты да оқимыз* *Серуенге* *шығамыз,қыдырамыз* *Бұл қай кез?* ***(Түс)*** *Ұйқыдан тұрып,беті- қолды жуып* *Төсекті жинап тазалықты сақтап,* *Таза ауа жұтып,кешкісін үйге қайтамын* *Бұл қай кез?* ***(Бесін)*** *· Күн батады қызарып,* *Мамамызды күтеміз* *Бұл қай кез?* ***(Кеш)*** *-Ал енді балалар, тәулікті ретімен атап көрейікші.* *Таңертең, күндіз,түс, бесін,кеш, түн* ***Қорытынды.*** ***Миға шабуыл.*** ***Логикалық тапсырмалар*** *1.Дүкеннен анам 2 допты алып келді,оның біреуін іниме бердім.Менде неше доп қалды?* *2.Қоянда неше құлақ бар?* *3.Себетте 2 алма,табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?* *Жарайсыңдар! Балаларды мадақтау.* ***3.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4. Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша***	***Үнтаспадан*** *«жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату. Ашық сұрақтар* *Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?* *-Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?* *Балаларды мадақтау.* ***ІІІ. Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс.*** *«Отбасы.»*  ***Кубизм әдісі.*** *Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді.* ***Ойын: Кім екенін тап?*** *Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді. Басқа балалар шешуін табады.* *Мысалы:* *Анасы кір жуып жатыр.* *Әкесі отын жарып жатыр.* *Шығармашылық орталығындағы жұмыс.* ***4. Ой қозғау.*** ***Топқа бөлу.*** ***1-топ*** *Өзіне ұнаған суретті ірікпен алып, «Мен және менің жақындарым» тақырыбында*	***Ойын:****«Сәбізді себеттерге тездетіп сал»* *Балалардың жұмысын қорытындылау.* *Қоян: балалар көп-көп рахмет сіздердің арқаларында көжектерім тоқ болады.* *Сау болыңыздар.Қоян шығып кетеді.* ***Қорытынды.*** *Балалар қоянымызға ермексаздан не жасап бердік?* *Сәбіздің түсі қандай?* *Қоянымыздың көңіл-күйі жақсарды ма?* *Мадақтау.* ***1.Денешынықтыру.*** ***Педагог жоспары бойынша***

	-Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: Алға иілу, алу, ішу, тамсану. (рахат-ай) *2. Алма ағашына кездесу. - Ағаштан алманы алып жеу. Оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру, алу, қырт етіп тістеу, тәттісін-ай* ***2.Раушан гүліне кездесу.*** *Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару.* ***3. Мига шабул*** *Сұрақ – жауап.* *-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?* *-Табиғат байлықтарына нелер жатады?* *-Оны қорғау деген не?* *-Табиғатты сүйе білу деген не?* ***4.Табиғат туралы тиым сөздер.*** *-Көк шөпті жұлма.* *-Құстың ұясын бұзба* *-Тал, шыбықпен ойнама.* *-Суды ластама* *-Құстарға тас лақтырма* ***Дид ойын: «Шатастырма»*** *1. Көктемде қар жауады.* *2. Қазір күз мезгілі?* *3 .Қыста жапырақтар сарғаяды?* *4. Жаз ең суық жылмезгілі?* *5. Күзде бәйшешектер өседі?* *6. Жазда балалар оқиды?* *Балаларды мадақтау.* ***3.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***4.Қоршаған ортамен таныстыру*** ***Тақырыбы:***	***Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету.*** ***«Біздің көрме»*** *дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау.* ***Балаларды мадақтау.*** ***3 Орыс тілі*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша***	***2. Өзін өзі тану.*** ***Өзін – өзі тану*** ***Тақырыбы:"Менің есімім "*** ***Мақсаты:*** *Әрбір баланың қайталанбас жеке тұлға екендігін түсінеді.Адамның есімі,оның адамға деген қызығушылығын арттырады.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***І.Шаттық шеңбері.*** *Доп айналу.* *Балалар шеңберге тұрып, доп арқылы өздерінің есімдерін атайды.* *Балаларды мадақтау.* ***ІІ. Ой қозғау.*** *-Есімдердің айырмашылығы неде?* *-Ұлдар мен қыздардың есімі бірдей болама?* *Әйбат есімдер* *К. Ыбраев.* *Бақыт, Бейбіт,Тынышбек, Гүлнұр, Аққу, Ырысбек, Қайрат Мира, Еламан, Сауле, Шуақ, Құрышбек* *Көңілге түй сен мұны,* *Әр бүлдіршін-ел гүлі* *Бақытты елде туғаның* *Есіміңнен белгілі.* *ІІІ. Дәптермен жұмыс* *4.Дәйек сөз* *«Жұлдызың жоғары болсын!»* *Қортынды* *Жүректен жүрекке.*	*коллаж құрастыру.* ***2- топ*** *Қима суреттерден үйдің суретін құрастыру. Сипаттама беру. Балабақша, үй, ғимараттар туралы әңгіме құрау. Мыс: менің анам мына ғимаратта эжұмыс жасайды т.б.* ***Қорытынды «*** ***Отан» Ж. Әбдірашев.*** *«Отан – әжем,* *Отан-анам!»* *«Туған ел!» деп,* *«Туған жер!» деп,* *Ол бекерге аталмаған...* *Атам,Әжем,Әкем,Анам –* *Төртеуі де «Отан!» маған.* *Төртеуі де «Ботам!» дейді,* *«Ер азамат атан!» дейді ...* *Мақтанамын Отанымммен,* *Отаныма «Ботаным!» мен ...* ***Шапалақ әдісі*** *арқылы қорытындылау.* ***3.СУРЕТ*** ***Тақырыбы: Менің үйім*** ***Мақсаты:*** *Балаларға үй тұрғызу және үйдің құрлысы туралы түсінік бере отырып, сурет салуға қызығушылық таныту* ***Шаттық шеңбері.*** ***ІІ.Қызығушылықтарын ояту.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Қарбырғасы төртбұрыш,* *Үш бұрыштан шатыры* *Зәулім сарай білсеңіз* *Паналайсыз кірсеңіз* ***(Үй)*** ***2.1Ой қозғау***	

	Менің мейірімді отбасым. ***Мақсаты:*** *Отбасы сүйіспеншілігі сыйластығы туралы түсінік қалыптас тыру.Отбасындағы өзара сыйластық қарым -қатынас дағдыларын дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру.*** *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *Күз мезгілі екенің қайдан білдіндер?* *Аптаның қай күні?* *Ал,қазір қай уақыт?* ***Шаттық шеңбері*** *Көтеріліп шаңырақ* *Уықтары шаншылар* *Керегелер керіліп,* *Өрімдей боп өрілер* *Бәріміз жүрсек айналып,* *Киіз болып көрінер* *-Балалар, біз қандай заттың бейнесін жасадық?* *-Ал, киіз үйде кім тұрады?* *-Оларды бір сөзбен қалай атаймыз* *Балаларды мадақтау.* ***Мига шабул әдісі*** ***Жұмбақ жасыру.*** *-Қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын, ал сендер кім туралы айтылғанын табыңдар.* *1.Ол өте мейірімді, ақ шашты, көзінің айналасында ұсақ әжімдері бар, сендерге жылы қолғап тоқиды, ұйықтар алдында ән немесе ертегі*			***Суретпен жұмыс*** ***Сұрақ-жауап*** *-Үйді кімдер тұрғызады?* *терезе,есіктері, шатырлары көлемдеріне көңіл аудару* *Қала мен ауыл үйлерінің айырмашылығы неде?* ***Бой сергіту:*** *Мен құрылысшы боламын, Зәулім үйлер саламын.* *Өз қаламды көркейтіп,* *Ел алғысын аламын.* ***Ой дамыту*** ***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету*** *Бір қабатты үй.* *1. Бір қатарға екі терезе салу үшін жоғарыдан төмен қарай түзу сызық сызылып, шаршы жасалады.* *2.Есігі тік төртбұрышқа ұқсайды.* *3.Шатыры үшбұрыш болы келеді, парақтың жоғарғы жағына нүкте қойып, әртүрлі жаққа екі сызық жүргізіледі.* ***Балалрдың өз бетінше жұмысы*** ***Дид ойын: «Біздің көрме»*** ***Қортынды*** ***Біздің үй (Ғ.Өкеев)*** *Қалаушы да табылды,* *Үй салынды, жабылды,* *Қосып құмға лайды.* *Сылақшылар сылайды.* *Тезерек, есік, едені,* *Қиюласты әдемі.* *Құрылысшы боламыз,* *Зәулім үйлер саламыз.* ***Балалардың жұмысын мадақтау.***	

	айтып береді. Бұл кім? *- Оны қалай білдіңдер?* *- Ал сендердің әжелерің қандай?* ***Сиқырлы микрафон.*** *2.Ол көзілдірік киеді, көп кітаптар оқиды, көптеген қызықты тарихи оқиғаларды біледі. Ол әжеге көмектеседі, зейнетақы алады, немерелеріне қарайласады.* *- Кім бұл?* *- Ал сендердің аталарың қандай?* ***Сиқырлы микрафон.*** *3.Оны жер бетіндегі ең бірінші, ең әдемі сөзбен атайды. Ол сен үшін ең қымбат адам.Сендер ауырсаңдар түн ұйқысын төрт бөлетін адам* *-Бұл жұмбақ кім туралы?* ***Сиқырлы микрафон.*** *-Сендер өздеріңнің аналарыңды қандай мейірімді сөзбен атайсыңдар?* *-Аналарың сендерді қалай еркелетеді?* *- Және соңғы жұмбақ..* *Ол салмақты да, байсалды, барлық бос уақытын сендермен өткізеді: сендерді циркке апарады, демалыс кезінде барлық отбасын табиғатқа алып шығады.* *-Бұл кім?* ***Сиқырлы микрафон.*** *Балаларды мадақтау.*				

	Дидактикалық ойын: *«Менің отбасым»* *Балалар доп арқылы отасындағы адамдарды айтады.* ***Сергіту сәті*** *Иіліп оңға бір, иіліп солға бір,* *Жаттығу жасаймын.* *Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ,* *Жаттығу оңай-ақ.* ***Қорытынды*** *Балалар, біз бүгін кімдер туралы білдік?* *Сонда отбасы деген не?* *Балаларды мадақтау.*				
Серуенге дайындық	*Жүйелі киініп серуенге шығу .* *Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді»* *Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу*				
Серуен:	***Картотека №13*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №14*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №15*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №16*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека № 17*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу	*Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,* *Сабынмен қол жуамыз,* *Таза болды мұнтаздай,* *Тағамға қол созамыз.* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***Ойын- жаттығу*** *:* *Ас ішер кезде,* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"***				
Ұйқы	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп	***№11. Ояну***	***№2.1. Ояну***	***№3 1. Ояну***	***№41. Ояну***	***№51. Ояну***

ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	***Қандай ғажап керемет, Әсем есік ашылды. Түрлі - түсті бояулар, Аспанда жайылып шашылды Ұйқым шайдай ашылды***	***Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.***	***Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық.***	***Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық.***	***Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.***
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Сюжеттік - рөлдік ойын «Отбасы» Мақсаты:*** *Балаларға «Отбасы» түсінік беру олардың үлкенді сыйлау кішіге қамқор болу, жауапкершілік сезімдерін дамыту, әдептілікке, сыпайылыққа, мейірімділікке, үлкенге көмек көрсетуге, баулуға тәрбиелеу. Ойынды қызықты, ұйымшыл ойнауға үйрету.* ***Керек заттар: Үй жиһаздары, ыдыстар, киім-кешектер***	***ТҮЛКІШЕК (қызықтама)*** *Түлкі, түлкі, түлкішек, - Түнде қайда барасың? - Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер, - Оны қайда қоясың? - Жалпақ тасқа қоямын. - Ит ішіп кетсе қайтесің? - Бақан ала қуамын. - Былғанып қалса қайтесің? - Ағын суға жуамын. - Ағып кетсе қайтесің? - Қайықпенен қуамын. - Жеткізбесе қайтесің? – Жылай, жылай қаламын.*	***Тіл ұстарту жаттығулары*** *Күз туралы Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай.*	***Сюжетік ролдік ойын: «Шаштараз»*** *Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту.Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттыру.*	***Тіл ұстарту жаттығуы*** *Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс.* ***Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.***
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №17 «Күз көрінісін бақылау»*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №18 Күзгі жапырақтарды бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Картотека №19 Жаңбырды бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №20 Жәндіктерді бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №4 Ауа- райының салқындауын бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Балаларды ң үйге қайтуы	*Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың сұранып үйге қайтуы*	*Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Балалардың үйге қайтуы.*	*Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың үйге қайтуы.*	*Келе жатқан демалыс күндеріне үй тапсырма беру.Жапырақтардан жапсыру арқылы өзіне ұнаған затты бейнелеу.*


ЦИКЛОГРАММА
II апта қазан2021-2022ж
Мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып « Менің отбасым»
Тақырыпша. «Менің көшем»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі:**11.10.2021	**Сейсенбі:**12.10.2021	**Сәрсенбі**:13.10.2021	**Бейсенбі:**14.10.2021	**Жұма:**15.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-ана-лармен әңгімелесу	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	***Картотека №3*** ***«Жыл мезгілдері»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.*	***Картотека №11*** ***«Бізге күз не әкелді?»*** ***Мақсаты:*** *Күз бізге не әкелгені туралы білім-дерін бекіту. Көкөніс-тер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту.*	***Картотека №2*** ***«Тәрелкесіне қарай кесесін таңда»*** ***Мақсаты:*** *Түстер туралы ұғымдарын кеңейту*	***Картотека №7*** ***«Нан дастарханға қалай келеді?»*** ***Мақсаты:*** *Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.*	***Карточка №15*** ***«Аңдарды қоректендір»*** ***Мақсаты:*** *1саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту.*
Таңертеңгі гимнастика	***Қазан айының 2 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас	***Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,*** *Мөлдір суға қолыңды жу.* *Жуынсаңсаң сен әрдайым,* *Таза бетің, маңдайың.* *«Ас дәмді болсын!»* *Ас құрамымен таныстыру*				
Ойындар, ҰОҚ	***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.***				

дайындық					
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Біз тұратын көше* ***Мақсаты:*** *Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрету. Дұрыс анық сөйлеу қабілет терін дамыту.Көше қауіпсіз дігін сақтай білуге тәрбиелеу.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Ұйымдастыру кезеңі.* *Шаттық шеңбері* *Қуанамын мен де,* *Қуанасың сен де.* *Қуанайық, достарым,* *Жарқыраған күнге!* *Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?* *Күзде ауа райы қандай болады?* *Күзде қандай құбылыстар болатынын* *көрсетейік.* *Жаңбыр жауады тық-тық-тық* *Сен далаға шық-шық-шық* *Жел соғады гу-гу-гу* *Жапырақ ұшады ду-ду-д* ***АКТ технологиясы.*** *Балалар ,қане бәріміз Әли мен Айяның мекен-жайы туралы мультфильмді қарау* ***Ой қозғау.*** *Әли мен Айя қандай көшеде тұрады екен?* *Балалар өз көшелерін қалай тазалап жатыр?* *Балалардың жауаптарын*	***1.Денешынықтыру.Пед агог жоспары бойынша*** ***2.Сауат ашу негіздері.*** *Тақырыбы: Сөз және дыбыс.* ***Мақсаты:****Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау,оларды сөздер ішінен бөледі.жеке айтады.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***1.шаттық шеңбер*** *Ән салуға барамыз.* *(балалар шеңбер бойымен жүреді)* *Досымызды табамыз.* *(жүріп келіп, тоқтайды)* *Сәлемет пе! Міне, мен!* *(қолдарын екі жаққа сермейді)* *Доспын енді сенімен.* *(бір-бірімен қол алысады)* ***II. Ой қозғау.*** ***Балаларды топқа бөлу.*** ***I-кезең. сұрақтар*** *1. Қазір жылдың қай мезгілі?* *2. Бір аптада неше күн бар?* *3. Біздің президентіміз кім?* *4.Біздің Отанымыз қалай аталады?*	***1.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***2.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:****1 цифры. Жылдам – баяу.* ***Мақсаты:****1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдер туралы білімдерін қалыптастыру.Көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Ұйымдастыру кезеңі.* *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *- Күз мезгілінде неше ай бар?* *- Күз Күз мезгілінде ауа – рай қандай болады?* *Шаттық шеңбері* ***Миға шабуыл. Жұмбақ жасыру.*** *Таңғажайып кірпішті,* *Бір-біріне қаладым.* *Ұнамаса құлатып,* *Қайта-қайта қаладым.* *(Текшелер)* *Кезікті көрбез сұлу,* *Бір жануар.* *Үстінде* *Екі тауы бар.* *(Түйе)* ***Суретпен жұмыс.*** *«Неше текше, неше түйе»*	***1. Сауат ашу негіздері*** ***Тақырыбы:****Айналамдағы дыбыстар.Дыбыс.* ***Мақсаты:****Сөздерге дыбыстық талдау жасауды дамыту.* ***ҰОҚ өтілу барысы.*** ***I. Шаттық шеңбер.*** *Кел, балалар ,күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек,* *Көңілді болып жүрейік!* ***II.Қызығушылығын ояту*** ***- балалар, біз бүгін дыбыстар бағына саяхатқа барамыз.*** ***Сықырлы таяқша.*** *АҚТ технологиясымен жұмыс* *Дыбыстар шығады* *- балалар, айтыңдаршы, пойыз тоқтағанда қандай дыбыс шығарады?* *- жақын арада аралар жүргенін қайдан білеміз?* *Түнде қасымызға маса келгені қайдан білеміз?* *дұрыс айтасыңдар, біз дыбысты осылай құлағымызбен естиміз. Әр естіген дыбыстың жазылу таңбасы - әріп. Әріптер мыналар (әріптерді көрсету)* *Дыбысты естиміз, ауызымызбен айтамыз, ал әріпті көреміз, оқимыз және жазамыз.* ***Сергіту сәті*** *Жаңбыр жауса* *Тырс - тырс*	***1.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері*** ***Тақырыбы: Сен қайда тұрасың?*** ***Мақсаты*** *Балалардың мекен – жайларын толық біліп, есте сақтаулары керек (ненің қасында, маңында не бар т.б.)* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***I.Шаттық шеңбер*** *«Арайлап таң атты»* *Арайлап таң атты,* *Күн шуағын шашты.* *Сәлем күн, сәлем жер* *Сәлем достар* *Бәріміз бірге болайық.* *Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.* ***II.Миға шабул*** ***Жұмбақ.*** *Жер бетінде ең ақылды,* *ең күшті кім? (Адам)* ***Ой қозғау.*** *Суретпен жұмыс.* *Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?* *-Адамдар қайда тұрады?* *Сен өз мекен жайыңды білесің бе?* ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Бір отырып, бір торып,* *Біз бір дем алайық.*

	Диалогтық жұмыс: *Кәне,кім өзі тұратын мекен-жайы,көшесі турлы әңгімелеп бере алады? Көшелеріңнің атын білесіңдерме?* ***Дыбыстық жаттығу:*** *Ше- ше- көше* *ең-ең- кең,* *ар-ар- тар,* *зын-зын- ұзын* *қа-қа-қысқа* ***Сергіту сәті*** *Шаршамаймыз ешқашан* *Демаламыз бой жазып.* *Жүгіреміз, секіреміз* *Көңілденіп, ән салып.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Көшедегі әр-түрлі көліктер »* ***Қорытынды.*** *Балаларға жұлдызша беру арқылы мадақтау.* ***2.Жаратылыстану.*** ***Тақырыбы:*** *Көшеде өзін ұстау.* ***Мақсаты:****Көшеде өзін дұрыс ұстау ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.Қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.Қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.****Әдіс-тәсілі:*** *Миға шабул,сұрақ-жауап,суретпен жұмыс,сергіту сәті.* ***Қажетті көрнекі құралдар:*** *АКТ, бағдаршама, бояу,қиылған жол белгілері.* ***Ұйымдастырылған оқу***	***II-кезең. «Ойлы болсаң, озып көр»*** *Шарты: Жасырынған суреттердің атын айтып, не үшін қолданылатынын айту* ***III –кезең. «Жүйрік болсаң, озып көр!»сұрақтар қою.*** *Дыбыс деген не?* *Әріп деген не?* *Сөз неден құралады?* *-Дыбыс деген не?* *-Дыбыстар нешеге бөлінеді?* *Оларды қандай текшемен белгілейміз?* ***Сергіту сәті:*** *Ал, балалар, тұрайық,* *Бой жазайық бәріміз.* *Мойнымызды бұрамыз,* *Қолымызды созамыз.* *Аяқтарын топ-топ басып,* *Орнымызға барамыз.* ***IV-кезең:*** *« Сөз ойла, тез ойла ».* *Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойлап табу.* ***Қорытындылау.*** *Балаларды мадақтау. Жұлдызша беру.* ***2.Жапсыру.*** ***Тақырыбы****:Менің көшем*	*көріп тұрсыңдар.* *Балалардың жауаптары.* *-Дұрыс бір түйе, көп текшелер.* ***Тосын сәт.*** *Буратино келеді. Балаларға тапсырма әкелгенін айтады.* *Өткенді еске түсіру.* *-Балалар сендер қандай цифрмен таныстыңдар.* *Балалардың жауаптары.* *-Мына сандар ішінен 1 санын бояңдар.* *Қоян мен тасбақа:* ***«Пальмаға кім бірінші жетеді?» ойын.***  *– Сендер қалай ойлайсыңдар, не бірінші жетуі мүмкін?* *–Неге қоян бірінші жетеді деп ойлайсыңдар?* *«Жылдам – баяу» сөздеріне түсінік беру.* ***3-топқа тапсырма беру.*** *1 санын әртүрлі тәсілмен жазу* ***1 топ:*** *Сіріңкемен 1 санын жазу* ***2 топ:*** *Таяқшамен 1 санын жазу* ***3 топ:*** *Ермексаздан 1 санын жазу* ***Сергіту сәті.*** *Қане балалар, тұрамыз,*	*Айтады гүл:* *- дұрыс - дұрыс* *Жаңбыр жауса,* *Тырс - тырс,* *Айтады қыр:* *- ырыс - ырыс* ***III. Ой қозғау.*** ***Д/О: «Не қалай дауыстайды?»*** *Ойын шарты: педагог үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың даусын салады.* *Қой маңырайды* *Сиыр мөңірейді* *Жылқы кісінейді* *Түйе боздайды* *Ешкі бақырады* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.*** ***2.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:****Менің сүйікті ауылым.* ***Мақсаты:*** *Балаларға ауыл туралы түсінік беру.Баланың ой – өрісін дамыту. Елін,жерін, туған қаласын сүюге тәрбиелеу.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбері*** *Кел балалар күлейік* *Күлкі менен түлейік* *Күлкі көңіл ашады* *Күліп өмір сүрейік!*	***III.Ой қозғау.*** ***Дидактикалық ойын:*** ***«Ұқсас затты тап»*** *Әр столға қиылған суреттер тарату. Құрастыру барысында шыққан бейненің өз үйлеріне ұқсастығы бар ма балалардың жауабы.* ***4. Қауіпсіздік деген не?*** ***Суретпен жұмыс.*** *Қауіпсіздің ережелерімен таныстыру.* *-Бөгде адам шақырса барма* *-Есікті ешкімге ашпа* *-Танымайтын жерге барма т.б* ***Қорытынды.*** *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* ***2.Мүсіндеу.*** ***Тақырыбы:*** ***Бидай таситын машина*** ***Мақсаты:*** *Ермексаз кесегін жұмсарту әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, машина құрлысын мүсіндеу. Ойлау қабілетін дамыту.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***I.Психо жаттығу.*** *Күлімдейміз.* ***II. Ой дамыту.*** *Күз мезгілі, күз*

	қызметінің барысы. *1.Балаларды ұйымдастыру. Шаттық шеңбер.* ***2. Мига шабул .Жұмбақ жасыру.*** *Сөйлеуді ол білмейді.* *Бірақ тоқта жүр дейді.* *Бұл не екен балалар?* *Балалардың жауаптары.* *-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?* *-Бағдаршамның неше көзі бар? Қандай?* *-Бағдаршамның көздеріні қызметін айтып беріңізші.* *Қандай көзі жанғанда тоқтаймыз? Жарайсыңдар, балалар, бағдаршам туралы туралы біледі екенсіңдер, енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз.* ***3.Суретпен жұмыс.*** *Көліктер қайда жүр?* *Жолда қалай жүру керек?* *Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді?* *- Бағдаршам жоқ көшеден қалай өтеміз?* *-Енді мына белгілерге қараңдаршы, мынау ненің суреті?* *-Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді?* *-Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі.* *Автобусттың суреті салынған белгіні көрсеңдер, ол «автобус*	***Мақсаты:*** *Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеруді үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *1.Балаларды ұйымдастыру.* ***Балалармен әңгімелесу.*** *Балалармен өздері тұратын ауыл,қала , көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы қысқаша сұрақ-жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізу.* *-Біз қай республикада тұрамыз?* *-Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады?* *-Өздері тұратын көшені атаңдар?* *-Ал біздің балабақшамыз орналасқан көше қалай аталады?* *Балалардың жауаптарын тыңдау.* ***АКТ технологиясы.*** ***Слайд.****слайдтан көше және көп қабатты, бір қабатты үйлер*	*(мәтінге сәйкес іс-әрекеттер жасау)* *Бойымызды жазамыз.* *Балықтарға ұқсап біз,* *Жүзіп-жүзіп аламыз.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Пішіндерді ажырату»* *Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру* *Ойын шарты: Екі бала шығып үшбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен табу керек.*  ***Қорытынды.*** *- Біз қандай санмен таныстық?* *- Кім өз денесімен 1 санын көрсете алады?* *- Балалар Буратино сендерге өте разы болып рахмет айтып жатыр.* *Мадақтау* ***3.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4. Өзін-өзі тану.*** ***Тақырыбы: «Менің туыстарым»*** ***Мақсаты:*** *«Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік туралы түсінік*	***Доппен ойын****"Біздің ауыл қандай?"* *Біздің ауыл қандай?* *Ауданымыз қалай аталады?* *Ауылымызда нелер бар?* *Балалар, мен сендерді біздің сүйікті ауылымызға экскурсия жасауға шақырамын.* ***Ой қозғау.*** *Экскурсияға немен біз барамыз ?* *Бірақ автобусқа отырар алдында,көліктің ішінде өзін – өзі қалай ұстау керек екенін есімізге алайық.* *-Автобустың ішінде қалай өзінді ұстау керек айтыңдаршы?* *Балалардың жауаптары* ***1аялдама мәдениет үйі*** ***-****Қалай ойлайсыңдар, балалар, бұл үй не?* *-Бадамша тұрғындары не үшін мәдениет үйіне келеді?* ***2 аялдама" Орталық саябақ"*** ***-****Балалар саябақ ауданы не үшін керек?* *-Бұл жерде не көрсетеді,не болады?* ***3 аялдама"Өрт сөндіру бөлімі"****Балалар, бұл ғимарат н е үшін қажет?* *-Мында кім жұмыс істейді ?* *-Өрт сөндірушілер не істейді?* ***Сергіту сәті*** *Жаттығулар жасаймыз,* *Жақсы сергіп қаламыз.* *Біздер тату баламыз,*	*мезгіліндегі еңбек туралы түсінік беру.* *Күз мезгіліндегі дәндә дақылдарды қоймаға тасып, оларды сақтау туралы түсіндіру.* *Машиналардың үздіксіз жүруі туралы суретпен көрсетіп түсіндіру.* ***ІІІ .Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.*** *Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.* *Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.* *Өз беттерінше жұмыс.* *Қадағалау, көмек көрсету* ***«Біздің көрме» дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау.*** ***Балаларды мадақтау.***

	тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен.Балаларға жол белгілері, жол қиылысы, көлік жолы, жаяу жүргіншілер жолы туралы ақпарат беру ***4. Бағдаршам ойыны: Ойын: «Сақ бол!»*** *Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)* *Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)* *Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).* *Балалар ойынды қызыға ойнады.* ***5. Сұрақ- жауап алу.*** *Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?* *-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?* *Балалардың жауаптары.* ***6.Сергіту сәті.*** *Мәшине жүргізу.* ***7. Балаларды пішіндер арқылы екі орталыққа бөлеу*** *1- орталықтағы балаларға өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.* *2- орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.* *Балаларға тапсырманы түсіндіреді.* *Балаларды мадақтау.* ***8.Қорытынды***	*көрсетіледі.* *Көше туралы сұрақтар қою.* *Балалар сұрақ-жауапқа белсенді түрде қатысып отырады.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, үйлерді кімдер салады?* *Ой дамыту.* *Балалар сендер бүгін құрлысшы болып әдемі үйлер тұрғызасыңдар.* ***Топқа бөлу.*** *Балаларды екі топқа бөліп отырғызу.* *1-топ көп қабатты үйлер* *2- топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасайды.* ***Үлгі көрсету,түсіндіру.*** *көп қабатты және бір қабатты үйдің жасалу жолы көрсету.* *.Үлкен тіктөрбұрышты қиямыз(үйдың қабырғасы).* *2. Үшбұрышты қиямыз(үйдың шатыры).* *3. Шаршыларды қиямыз(үйдың терезесі).* *Жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлу.*	*берілді. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынастарын ,өзара сыйласады* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***I.Шаттық шеңбер*** *Амандасу.* *–Сен әдептісің,* *-Сен мейрімдісің* *-Сен қамқорсың* ***II.Өзіммен –өзім*** *Көзімізіді жұмып, отбасы туралы жақсы нәрселер ойлаймыз.* *Мыс: Үйдің іші қуанышқа толы, құмыралар гүлге толыт.б* ***III.Әңгімелесу.*** *-Туыс деп кімді айтамыз?* *Түсінік беру* *Балалардың жауабы.* ***4.Әңгімелеу.*** *Е.Өтетілеуов «Бес саусақ»* *Түсіндірме жұмыс.* ***5. Ойын : «Сиқырлы дүкен»*** *Дүкендегі заттар: Жүрекше, жұлдызша, машина т.б заттар.Күтілетін жауаптар: Мен сіңіліме жүрекше сатып алдым, оның мейрімді болғанын қалаймын.* ***6.Дәптермен жұмыс.*** ***7.Ғажайып сөздер*** *Туыстарды сыйлаймыз* *Туыспенен татумыз*	*Отанды біз сүйеміз* ***5 аялдама"Емхана"*** *Міне біздің келесі аялдамамыз" Емхана"* *Бұл ғимарата не істейді?* *Мынау тұрған көлік,қандай көлік?* *Ол не үшін керек?-* *Қане,бізде,кішкене уақытқа, дәрігер бола тұрайық.Өзімізге массаж жасайық.* *"**Нүктелі массаж"*** *Тамақ ауырмау үшін,біз оны сипаймыз* *Жөтелмеу үшін,мұрынды уқалаймыз* *Маңдайын да уқалаймыз* *Құлағынды уқалаймыз* *Білеміз біз бәріміз* *Біз ауырудан қорқпаймыз* ***6 аялдама «Айгөлек" балабақшасы*** *-Балалар, міне біз өзіміздің сүйікті балабақшамызға да келіп жеттік* *-Сендер балабақшаны жақсы көресіңдер ме?* *-Балабақшада не істейсіңдер?* *-Қандай қызық нәрселер болады бұнда?* *-Балалар, міне біздің Бадамша ауылына саяхатымыз аяқталды* *-Сендерге саяхатымыз ұнады ма?* ***Қорытынды****Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау.* *Бүгін біз қайда болдық?*	

	Бес саусақ әдісі арқылы сабақты қортындылау. ***3.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***2. Құрастыру*** ***Тақырыбы:****Біздің көше* ***Мақсаты:*** *Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыруды үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Ұйымдастыру.* *Балалармен амандасу* ***Шаттық шеңбер.*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Жұмбақ жасыру* *Ұзын – ұзын жіп,* *Ұшына шыққан жан бар ма.* *Ұшына шықпас* *жалғанда. (Жол).* *Күзде киімін тастайды,* *Көктемде киіне* *бастайды. (Ағаш). Арқасында ауыл жүр,* *Ала тайым шауып жүр. (Автобус).* *Жұмбақтың мағынасын түсіндіру.* ***Ой қозғау.*** *Көшеде тағы не кездеседі?* *Балалардың жауаптары* *Дұрыс біз бәрін көшеде көреміз.* *Көшедегі биік үйлерді кімдер*	*Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескерту.* ***Сергіту сәті.*** *Қолға, алып шарды,* *Үрлеймін мен былай.* *Уф-ф-ф,* *Үрлеймін деп қатты,* *Жарып алдым шарды.* *Пах.* *Балалардың жұмыстарын қорытындылау.* *2 топ екі көшенің үйлерін салыстырады,әрқайсысы өз ойларын айтады.* *Балаларды мадақтау.* ***Еркін ойын****«Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)* ***4. Орыс тілі*** ***Педагог жоспары бойынша***	***Қортынды.*** *Жүректен жүрекке*	*Экскурсияға немен бардық?* ***2.Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Менің көшем (Сюжетті сурет салу)* ***Мақсаты:*** *Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Ұйымдастыру: Шаттық шеңбер.****Біз* *қандаймыз,қандаймыз.* *Шұғылалы таңдаймыз.* *Күлімдеген күндейміз,* *Ренжуді білмейміз.* ***Ой қозғау.*** *Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады?* *Өздерің тұратын көшені атаңдар?* *Біздің балабақшамыз қай көшеде орналасқан ?* *Балалардың жауаптарын тыңдау* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Тосын сәт.Білмеспек келеді.* *Балалардан көмек сұрайды.* *Көшенің суретін салып беруді.* *Балалар көмектесуге дайын екенің айтады.* ***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету.түсіндіру.*** *Балалар сурет салуға кіріседі.* *Бақылау* *Жеке көмек.*	

	салады? *Құрылысшы кім?* *Балаларды мадақтау.* ***Ойын:** «Құрлысшылармыз»* *Бүгін, сендер, құрылысшы болып, өз қаламызға,ауылымызға жаңа көше тұрғызасыңдар.* *Оны қалай атасақ екен?* *Балалардың жауаптарын тыңдау.* *Балалар, көшенің қай жерде салынатыны туралы, әңгімелесу.* ***Топқа бөлу.*** ***Сандар арқылы топқа бөліну (1,2 сан)*** *Балалар, көше салуға кіріседі.* *Балалардың жұмысын бақылау.* ***Сергіту сәті.*** *Ал, балалар тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Оңға қарай иіліп,* *Солға қарай иіліп.* *Бір отырып, бір тұрып,* *Бір тыныгып алайық.* *Жасалған жұмысты талдау қорытындылау.* *Галерея шарлау әдісі* *Екі топ бір-бірін бағалайды.* ***Бала үні:**Балалар мен ақылдаса отырып, көшенің атын қою.* *Балаларды мадақтау.*			***Саусақ жаттығуы*** *Бір саусағым тіпті де,* *Ұстай алмас жіпті де.* *Екі саусақ бірікті,* *Ине қолға ілікті.* *Үш саусағым орайды,* *Жүгіртеді қаламды.* *Өнерлі екен он саусақ,* *Қала салсақ, жол салсақ.* *Балалардың жұмыстарын қорытындылап, бағалау.* ***Көрме ұйымдастыру.*** *Білмеспек қуанып,рахмет айтып қоштасады.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.*	
Серуенге дайындық	***Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №16*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Картотека № 17*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №18*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №19*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №20*** *Картотека қосымша тіркелген.*

Серуеннен оралу	*Ойын- жаттығу: Мөлдір су* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас					
Ұйқы	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
	Мамыр мейрімді болсын, *Маусым мағыналы болсын,* *Шілденің шырайы кірсін,* *Тамыз тамылжып тұрсын,* *Қыркүиек қазына жисын,* *Қазан қаспақты болсын,* *Қарашада қар көп боп,* *Желтоқсанда жел жоқ болсын!* *Қаңтар қатулы болмасын,* *Ақпан ашулы болмасын.* *Балалар өте жақсы тілек айтыңдар.* *Қолымдағы қарындаштың сиқырлы екенін айтып өткен болатынмын.* *Карандаштың көмегімен біраз білім жинадық.* ***2.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы: Жайлаудағы төрт түлік*** ***Мақсаты:*** *Балаларға төрт түлік туралы түсінік беру. Төрт түліктің пайдасы жайында айту. Төрт түлік туралы өлең жыр, жаңылтпаш, мақал – мәтелдер арқылы баланың ойын дамыту.* ***Көрнекіліктер: Төрт түлік суретері.*** ***ҰОҚ жүргізілу барысы.*** ***І. Шаттық шеңбері.*** *"Кел,балалар күлейік"* *Ө.Тұрманжанов.* *Кел,балалар күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек.* *Көңілді болып жүрейік!*	***4.Жапсыру.Қайталау.*** ***Тақырыбы: Құстарға ұя жасаймыз*** ***Мақсаты:*** *Құстарға қамқор-лық ретінде ұя жасауды үйрету. Геомертиялық пішіндерді пайдалана отырып, оларды дұрыс орналастыру барысында бірлесе отырып, ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу.* ***Керек құралдар:*** *Қатты картон, клей, жіп.* ***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***І. Шаттық шеңбері.*** *"Бала,бала,баламыз"* *Е.Өтетілеуұлы.* *Бала,бала,баламыз,* *Бақшамызға барамыз.* *Күні бойы қызыққа* *Батамызда қаламыз!* ***ІІ. Қызығушылықтырын ояту.*** ***Тақпақ. Ө. Тұрманжанов «Құс ұясын бұзбайық!»*** *Құс ұясын бұзбайық!* *Өсіруге баланы,* *Құстар ұя салады.* *Жасауға жұмсақ ұяны,* *Жабағы жүнді жияды.* *Жайлы ғып жасап ұяны,* *Жұмыртқасын салады.* *Балапаны шыққанда,* *Бір қуанып қалады.* *Құс ұясын бұзбайық!* *Жұмыртқасын жармайық!* *Обалына қалмайық»* ***Ой дамыту*** *1.Құстар туралы түсінік беру.*	*сені тамақтандырамын;* *-Менің күшігім, мен сені жақсы көремін;* *-Күшігім, саған әкем екеуіміз үйшік жасаймыз,сен суықтан жаурамайсың т.б.*	*екен. Жылан қалай ысылдайды?(с-с-с...)* *-Жыланды көрген Ескендір қорыққанынан өсіп тұрған емен түбіне қарай шегінеді. ЫЖылдаған дыбысты құлағы шалады. Ол еменнің бұтағына орналасқан араның ұясын көреді. ЫЖылдаған аралар екен. Олар қандай дыбыс шығарады?(ж-ж-ж...)* *-Ескендір ала бұзауын шақырады. Кәне балалар, бұзауын шақыруға көмектесейікші.(әукім-әукім)* *-Жақын жерде бұзаудың мөңіреген дауысы естілді. Ол қалай дыбыстайды? (мууу...)* *-Сөйтіп, Ескендір бұзауын тауып, үйіне қайтыпты.* ***Балалар қараңдаршы біз «Жазу-оқу» патшалығына келген сияқтымыз.*** *Бізді осы елдің ханшайымы күтіп алуы керек еді. Үшінші үстелдің жанында «Жазу-оқу» елінің ханшайымы тұрады.* ***-Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен осы «Жазу-оқу» елінің ханшайымымын! Маған көмекке келгендеріңе рахмет! Менің сендерге арналған тапсырмам бар еді. Ол тапсырма мына үстелде.*** *Көріп тұрғандарыңдай, әріптер сөздегі орындарын жоғалтып алыпты. Маған*	

	II. Қызығушылықтарын ояту. Мига шабуыл. ***Жұмбақтар жасыру.*** *Төрт түліктер туралы.* *-Жүретұғын әрдайым,* *Жануар мұндай қайда бар?* *Ішкен суын әрдайым* *Ақсұт етіп қайтарар.* ***(сиыр)*** *-Кішкентай ғана бойы бар,* *Айналдырып киген тоны бар.* ***(қой)*** *-Кезікті бір жануар,* *Үстінде екі тауы бар.* ***(түйе)*** *Екеуі еленděп келеді,* *Төртеуі төбелесіп келеді.* ***(Ат)*** ***Сұрақ – жауап.*** *- Бір сөзбен бұларды не деймiз?* ***Ой дамыту.*** *Төрт түлік туралы түсінік беру.* *-Төрт түлікке нелер жатады?* *-Неліктен оларды үй жануарлары деймiз?* *-Бізге қандай пайдасы бар?* *Сөздік жұмыс жүргізу.* ***2. Ой қозғау.*** *Суретпен жұмыс.* *-Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?* *-Олардың төлдерін қалай атаймыз?* *-Оларға кімдер қамқорлық жасайды?* ***Төлдерін атау.*** ***Түйе төлі-ботақан,*** *Мөлдіреп көзі ойнаған.* ***Қойдың төлі-қошақан,***	*-Құстардың бізге қандай пайдасы бар?* *-Оларға қандай қамқорлық жасау керек?* ***Ой қозғау.*** *Жұмысқа қатысты материалдардың не үшін керек екенін сұрау* *Материалдарды атау, көрсету.* *Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.* *Ұжымдық жұмыс* *Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.* ***Өз беттерінше жұмыс.*** *Қадағалау, көмек көрсету.* ***«Біздің көрме» дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау.*** *Балаларды мадақтау.* ***Ұяны серуенде талға ілу.***		*осы әріптерден бірнеше сөздер құрап беріңдерші.* *-Жарайды, ханшайым! Біз сізге көмектесеміз!* ***Дид ойын: «Жоғалған әріптер»*** ***Қорытынды.*** *– Ой, қандай ақылды балаларсыңдар! Рахмет сендерге! Сендердің көмектеріңмен сөздерді де таптым.* *–Сізге де рахмет, Ханшайым! Бізді осылай қонаққа шақырғаныңызға рахмет! Балалар, біздің осы «Жазу-оқу»еліне саяхат жасағанымыздан естелік болсын, Ханшайымға сыйлық тастап кетейік. Қиылып жасалған әріптер беру.* *-Рахмет, балалар! Мен бұл сыйлықты өз еліме алып қайтамын! Сендерге де менің әзірлеген сыйлығым бар! Мына қораптың ішінде сендерге арналған медальдар бар!* *«Жазу-оқу» елінің ханшайымы балаларға сыйлығын табыстайды.* *-Рахмет, ханшайым. Біз енді өз тобымызға қайтайық!* *Саяхаттан қайту* ***Қортынды*** ***Сұрақ-жауап.*** ***Балаларды мадақтау.*** ***2.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** ***«Алақай жаз келді»*** ***Мақсаты:*** *Жаз мезгілімен,*	

	Өріске қашқан қорадан. ***Ешкінің төлі-лақ,*** *Тыныш тұрмайды ол бірақ.* ***Жылқының төлі-құлыншақ,*** *Тұяғы жерге ұрыншақ.* ***Сиырдың төлі-бұзау.*** *Сүйкімді әрі асау.* **Сөздік жұмыс.** *Шұбат, қымыз, мөңірейді, маңырайды, өркеші, төлі,мүйіз, сақалы, шөре-шөре,әукім-әукім.* ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрамыз,* *Қолды белге қоямыз.* *Бұрыламыз оңға бір,* *Бұрыламыз солға бір,* *Гүл – гүл жайнап жанамыз.* *Жаттығулар жасасақ,* *Жақсы сергіп қаламыз.* ***3. Төрт түлік туралы жаңылтпаш.*** *Ақ лақ, аппақ па?* *Ала лақ аппақ па?* *Ала лақ аппақ емес,* *Ақ лақ аппақ.* ***4 Мақал –мәтелдер.*** *-Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл көсір.* *-Жылқыда өт жоқ,* *Құста сүт жоқ.* *-Төрт түлік мал кисең киім, жесең тамақ.* ***5. Тиым сөздер.*** *-Малды басынан теппе.* *-Малды теппе, ақты төкпе.* ***Қортынды.*** ***Мнемокесте арқылы ұоқ қортындылау.*** ***Балаларды мадақтау***			*табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аудару).* ***ҰОҚ өтілу барысы:*** ***1.Шаттық шеңбері*** *Амансың ба нұрлы күн!* *Амансың ба жер ана!* *Аман-есен болайық!* *Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай?* ***2.Мнемотехника әдісі*** *Жаз*  ***Ой қозғау*** *Жаз мезгілі туралы түсінік беру.*  *-Жазда дала қандай болады?* *-Ауа райы қандай болады?* *-Жаз мезгілін не үшін жақсы көресіңдер?* ***Ой дамыту.*** ***Сурет арқылы тақпақ жаттату:*** *Тірек –сызбаны пайдаланып жаз туралы тақпақ оқу.* *Алақай, алақай,*	

	4. Қоршаған орта ***Тақырыбы:Саябаққа саяхат.*** ***Мақсаты:*** *Туған жердің табиғатына деген қызығушылықтарын ояту.Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге жетілдіру. Табиғаттың досы болуға.оны қорғай білуге тәрбиелеу.* ***ҰОҚ жүргізілу барысы*** ***І.Шаттық шеңбер*** *Н. Жанаев Табиғат ана* *Табиғат біздің анамыз,* *Табиғатқа баламыз.* *Иіліп сәлем береміз,* *Біз бақытты баламыз.* ***1.Қызығушылықты ояту.*** ***- Бес беттен тұратын үн қағазды көрсету. Әр беттің өз тілшісі бар.*** ***-1 бетте*** *-бала көңілсіз, ол неге көңілсіз. Ол үшін сөз тілшіге беру.* ***1-ші тілші. Ауа туралы жұмбақ.*** *Бір нәрсе жер мен көктің арасында,* *Көрінбейді өзі түгіл, қарасы да.* *Білінбей жер үстінде жүсе-дағы* *Пайдалы адамзаттың баласына.* ***(ауа)*** *Ауа жөнінде кімнің тақпағы, кім қандай ауа туралы пікір айтады?* *Ауа туралы тақпақ.* *Сұрақ – жауап.* *-Ауа арқылы не болады?* *-Грипп*			*Қуанды балақай.* *Жадырап жаз келді.* *Ойнаймыз ,алақай.* *Жаз келіпті, қараңдар,* *Көлге үйрек, қаз қонды.* *Асыр салып балалар, Суға түсіп мәз болды.* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар* *Алдымнан жел еседі* *Кіп - кішкене балақан* *Үп - үлкен боп өседі.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Жаз мезгілін көрсет»*  ***Қорытынды.*** ***Сұрақ- жауап*** *Балаларды мадақтау.* ***3.СУРЕТ*** ***Тақырыбы: Көлден балық аулаймыз.*** ***Мақсаты:*** *Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіре отырып, майшамның және трафареттің көмегімен аквариумдағы балықты салуды үйрету.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***Шаттық шеңбер*** *Армысың көк аспан,* *Армысың достарым.* *Міне менің қолым бос*	

	-Ауаны не ластайды? *-Машина түтіні т.б* *Ауа таза болса баланың көңілі шат көңілге бөленеді.* *Балалар бізге ауаның не үшін қажет екенін білгілерің келеме?* *Олай болса тәжірибе жасап көрейік. Терең дем алып, аузымыз бен мұрнымызды қолымызбен жауып, демді іште сақтайық. Қиналып кеткенде демдеріңді шығарыңдар, дем ала бастаңдар.* *Ауасыз қандай қиын екенін сездіңдер ме?* *Біз ауасыз өмір сүре аламызба?* ***2-ші бет микробтар*** *Оларды тазарту үшін микроптар туралы тақпақ айту.* ***Тақпақ: «Микроптар»*** ***3-ші бетте тілші сөйлейді.*** *- Кімнің ән тыңдағысы келеді, кімдер билегісі келеді? Қандай әншіні білесіңдер?* *Балалар өз өнерлерін ортаға салады.* *Дыбыстар туралы түсінік беру.* *- Қатты дыбыстар адамға зиянды. Қатты дыбыс адамның құлағын кемітеді. Жағымсыз дыбыстарды қалай жоямыз. Оларды жайлатамыз.* ***4-ші беттің тілші:*** ***Су туралы жұмбақ жасыру.***			*Жылуыма жылу қос* ***Таңғажайып сәт.*** *Педагогтың ұялы телефоны шырылдайды.* *Алоо - Сәлеметсіздер ме балалар, мен су патшасымын.* *Сендер су астындағы жануарлар, жәндіктер туралы көп біледі екенсіндер.* *- Ендеше, сіздер теңіз әлемі туралы не жасай аласындар?* *Педагог: я су патшалығы біздің балалар суретті өте керемет салады.* *Біз сізге салған суретімізді суретке түсіріп, телефон арқылы жібереміз.* ***Ой дамыту.*** *Теңіз әлемі туралы қысқаша түсінік беру.* ***Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.*** *Балауыз шамды пайдаланып, трафареттің көмегімен әр түрлі бейнені салу, салынған бейненің үстін көк субояқ. гуашпен бояу арқылы теңіз әлемін бейнелеу.* ***Жеке көмек.*** *Дайын болған суреттерді өзара талдау.* *Қандай сурет салғандарын сұрау?* *Әр баланың суретін жеке тексеріп, түзету жұмысын жүргізу.* ***П/Ж ойын: «Біздің көрме»*** *Балалардың суретін*	

	Жылт-жылт етеді. *Жылғадан өтеді-ол не?* ***(су)*** *-Су жайлы қандай мақал-мәтелді білесіңдер?* *-Су қалай ластанады?* *Суды таза ұстау үшін не істеу керек? Суды біз барлық тірі жанға пайдаланамыз. Су бар жерде тіршілік өмір бар. Су туралы мағлұмат айтып суды микробтан тазалаймыз. Суымыз тап-таза болды.* ***5-ші беттің тілші сөйлейді:*** *Табиғат туралы қандай тақпақ, тыйым сөздер, пікір айтамыз.* ***Балалар:*** *1.Табиғат адам үшін жаралыпты* *Бар қызық табиғаттан таралыпты* *Ақындар табиғатты анаға теңеген. өйткені онда тіршілік өніп өседі.* *Шынында да табиғат мейірімді ана сияқты, өзіндегі барды адамдарға жан-жануарға береді.* *Табиғат туралы тыйым сөздер айту.* *Құстар, аңдар, өсім-діктер туралы тақпақтар айтады.* ***Ал, мінекей, балалар біздің 5-ші шеңберіміз де микроптан тазаланды.*** *Орнына көбелек, құстар, аңдар, жәндіктерді т.б іледіміз.*			*Телефонға түсіру.Су патшалығына жіберу.* ***Тәрбиеші:*** *Телефон соғу. Су патшасы біздің балалар өз жұмыстарын сізге сыйға тартып жіберді.* *Телефон шырылдау.* ***Су патшасы:*** *Балалар жарайсыңдар, сендер біздің теңіз жәндіктері туралы білетіндеріңді көрсеттіндер. Маған өте ұнады.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.***	

	Енді мына баланы қарайық. Ол енді күле ме екен. Олай болса күліп тұрған баланы қарайық. *Сұрақ – жауап.* ***Қорытынды:*** ***Бәрі хормен:*** *Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!* *Аспан Таза ауаң үшін рахмет!* *Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!* *Ағаш, көлеңкең үшіе рахмет!* *Табиғат сұлулығың үшін рахмет!*				
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға хабарлау, дұрыс киінуге, қалың киімдерін киіп үйренуге дағдыландару. Қыста табиғатының салқын болатыны туралы түсіндіру. Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу*				
Серуен:	***Картотека №15*** *Бақбақтың өсуін бақылау*	***Картотека №16*** *Бұталарды бақылау.*	***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау*	***Картотека №19*** *Қараторғайларды бақылау.*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген				
Серуеннен оралу	***Ойын- жаттығу*** *Сырттан келіп үнемі,* *Сабынмен қол жуамыз,* *Таза болды мұнтаздай,* *Тағамға қол созамыз.* *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***Ойын- жаттығу*** *:* *Ас ішер кезде,* *Сөйлемейміз, күлмейміз* *Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"***				
Ұйқы	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-	***№13 1.Ояну*** *Ұйқымызды ашайық* *Қолымызды созайық* *Енді қане бәріміз,*	***№ 121. Ояну*** *Күнге қарап күлімдеп* *Көзімізді ашамыз* *Бойды түзе, көтер басты*	***№ 31. Ояну*** *Көзіміздізді ашайық* *Бойымызды жазайық* *Қолмен көзді ұқалап*	***№51. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық*	***№61. Ояну*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып*

тыру шаралары	*Жаттығуды жасайық.*	*Сергіп үйқы ашамыз*	*Созылып бір алайық.*	*Орнымыздан тұрайық.*	*Шынығып бір алайық.*
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртү, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Картотека №15 Ыдыстар Мақсаты:*** *балаларды дөңгелек және сопақ пішіндер салуға жаттықтыру, заттарды көлемінен үлкеніне қарай ажырата білу қабілеттерін дамыту.**(Шығармашылық картотекасынан)***	***Вариативтік бөлім***	***Картотека №18 «Ойыншыққа суреттерді табыңыз» Ойынның мақсаты:*** *балаларды нақты заттың сұлбасы мен пішінін елестетуге үйрету.**(Шығармашылық картотекасынан)***	***Вариативтік бөлім***	***Вариативтік бөлім***
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №15*** *Бақбақтың өсуін бақылау*	***Картотека №16*** *Бұталарды бақылау.*	***Картотека №18*** *Құстардың ұшып келуін бақылау*	***Картотека №19*** *Қараторғайларды бақылау.*	***Картотека №20*** *Ұяларды бақылау.*
	ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.				
Балалар-дың үйге қайтуы	*Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу. Балалардың сұранып үйге қайтуы*	*Балалардың тәртібі жайлы әңгімелеу. Балалардың үйге қайтуы.*	*Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айтуБалалардың үйге қайтуы..*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың үйге қайтуы.*	*Келе жатқан демалыс күндеріне үй тапсырма беру.Жапырақтардан жапсыру арқылы өзіне ұнаған затты бейнелеу.*

Қоршаған орта
Саябаққа саяхат
Жер бетінде ауа үнемі қозғалыста болады. Жел арқылы лас ауа екінші жерге жетеді. Лас ауамен дем алу адам өміріне өте зиян. өсімдіктер мен жануарларға да таза ауа керек.Сондықтан ауаны таза ұстау керек.
Табиғат – анамыз.
Табиғат ол –анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Құшағында ойнаймыз,
Шаттық әнге саламыз.
Жазда аралап тауан да,
Барамыз біз бауына.
Өзеніне шомылып,

Жүгіреміз жауында.
Н. Жанаев.
Табиғат – Ананың сұлулығын сақтау үшін адамдар не істеуі керек?
Балалар! Табиғатпен Адам бір-бірімен байланыста екен. Адамның табиғатсыз тіршілігі жоқ.
Бізді қоршағанның бәрі – табиғат, ол жазира дала, биік таулар, көгілдір көлдер, мөлдір өзендер мен бұлақтар.
Сондықтан табиғатты анаға теңеп «Табиғат Ана» деп атайды?
Тиым сөздер:
-Көк шөпті жұлма.
-Құстың ұясын бұзба
-Тал, шыбықпен ойнама.
-Суды ластама
-Құстарға тас лақтырма
Қорыта келгенде, адамның табиғатсыз тіршілік ете алмайтынына көз жеткіздік қой деймін. Бізді қоршаған әлем өте таза болу керек. Сонда біз күліп жүреді екенбіз. Табиғат байлықтарын қорғай білу азаматтық борыш. Оны аялап сүйе білейік. Табиғатты аялайық! Табиғатты сүйе білмеген, туған жерін, елін де сүйе алмайды.
Күн, сәуле шашқаның үшін рахмет!
Аспан Таза ауаң үшін рахмет!
Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рахмет!
Ағаш, көлеңкең үшіе рахмет!
Табиғат сұлулығың үшін рахмет!

ЦИКЛОГРАММА
IV апта Мамыр 2022ж
Мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»
Тақырыпша. «Мен жасай аламын»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау.Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	***Картотека №3*** ***«Жануарларға қамқор боламыз» Мақсаты:*** *Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу.*	***Картотека № 4*** ***«Құстар біздің досымыз»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу.*	***Картотека № 19*** ***«Гүлдерді күтеміз»Мақсаты:*** *балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.*	***Картотека №6*** ***«Жыл мезгілдері»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту*	***Картотека №8*** ***«Бұны қай кезде киеді?»*** ***Мақсаты:*** *әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.*
	Әлеумет саласы картотекасы. *(картотека қосымша тігілген)*				
Таңертеңгі гимнастика	*Мамыр айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.* *Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*				
Таңғы ас	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз.* ***Ойын- жаттығу*** ***Сылдырлайды мөлдір су,*** ***Мөлдір суға қолыңды жу.*** ***Жуынсаңсаң сен әрдайым,*** ***Таза бетің, маңдайың.***				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* ***Шақырамын сендерді*** ***Жолдастарым кел бері*** ***Толтырайық шаттыққа,*** ***Дөңгеленген шеңберді.***				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Мен және табиғат* ***Мақсаты:*** *Табиғатқа деген қамқорлыққа*	***1.Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *Қайталау.* *Мақсаты: Өткен ұоқ сөз, дыбыс туралы түсініктерін бекіту..*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:****Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін бекіту.* *(таңертең, күндіз, кеш, түн)*	***1.Сауат ашу негіздері.*** ***Тақырыбы:*** *Қайталау.* ***Мақсаты:*** *Өткен дыбыстарды қайталау, зейінін бақылау. сөздер ойлап,*	***1.Қауіпсіз мінез – құлық*** ***Тақырыбы:*** *Мен денсаулықты күтемін* ***Мақсаты.***

рылған оқу қызмет-тері	*тәрбиелеу.Ойлау және сезіну қабілеттерін қалыптастыру.Балаларды өлі және тірі табиғат туралы,жан-жақты түсінік беру.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі:*** *Табиғат біздің анамыз,* *Табиғатқа баламыз.* *Иіліп сәлем береміз,* *Біз әдепті баламыз.* ***Ғажайып сәт**:* *Осы кезде есік қағылып ақ көгершін ұшып келеді.* *Ақ көгершін: Сәлеметсіз бе балалар?* *Мені табиғат-ана жіберді. Балалар мен балапандарыма асығып бара жатырмын сау болыңыздар!* ***Табиғат ананың хатын оқу.*** *Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» әңгімелеп беріңдерші.* *– Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймыз ба?* ***«Сұрақ - жауап»ойыны**.* *- Балалар табиғат дегеніміз не?* *- Табиғат - бізді қоршаған орта.* *- Табиғат нешеге бөлінеді?* *- Табиғат тірі және өлі*	***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.*** ***І.Шаттық шеңбері.*** ***«Кел,балалар күлейік»*** ***Ө.Тұрманжанов.*** *Кел,балалар күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек.* *Көңілді болып жүрейік!* ***ІІ. Қызығушылықты ояту.*** *Аудио дыбыс.* *Саламатсыздарма балалар, мен Білмесбек . Мен мектепке баруға емтихан тапсыруым керек екен. Ал мен ештеңе білмеймін. Маған көмек керек.* ***ІІІ. Ой дамыту.*** ***Сұрақ-жауап.*** *Балалар білмесбек сияқты бізде мектепке барамыз, ендеше бізде тапсырмалар орындайық, сол тапсырмаларды Білмесбекке беріп жібереміз.* *Балаларды топқа бөлу.* *Қызыл, сары, жасыл дәптар* ***І-топ. Қызыл доп.*** ***«Ойлы болсаң, озып көр»*** *Шарты: Жасырынған суреттердің атын айтып, не үшін қолданылатынын айту. Сол суреттерге сөйлем құрау.* ***ІІ –топ сры доп*** ***«Жүйрік болсаң, озып көр!»*** *А, Т,Б, С, Ғ, П, әріптерге сөз айту.* ***ІІІ-топ жасыл доп.*** ***«Мен бастаймын сен аяқта*** *»Шарты: Ұяшықтар таңдап, шыққан әріптерден басталатын сөздер ойла* *Үш топқа тапсырма:* *Текшелермен жұмыс.* *Айдаһар, Алпамыс, Жүйрік*	***Мақсаты:**Балалардың ой-өрісін дамыту. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түсу.* *Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер.*** *Сәлеметсіңдер ме, балалар!* *- Бәріміз бір - біріміздің қолымыздан, үлкен шеңбер жасайық.* *- Балалар біз таңертең үйқыдан тұрғанда қай жаққа қараймыз?* *- Онда нені көреміз?* *- Егер күннің көзі жарқырап тұрса қалай қуанамыз. (Балалар алақанымен шапалақтайды)* *- Балалар кәне, алақандарымызды түйістіріп көрейікші.* *- Нені сезіп тұрмыз?* *- Осы жылулық арқылы бір - бірімізге игі тілектерімізді айтайық.Жыл мезгілдері, ай, апта күндері туралы түсініктерін тексеру* ***Топқа бөлу.**Балалармына үстелдін үстінде4жыл мезгілдерінің суреттері бар .Сендер өздеріне ұнаған бір суретті алып , сол суретке сәйкес үстелге отарасыңдар.* *Балалар ұнаған суретті алып үстелге жайғасады.* *Тосын сәт.* *Балалар бүгін бізге Тапқышбек қонаққа*	*оларды қатыстырып сөйлем құруға және сөздерді дұрыс буынға бөлуді үйрету* ***Әдіс - тәсілдер:** сұрақ - жауап, түсіндіру, көрнекілік, әңгімелеу, түсіндіру.* ***Сөздік жұмыс:** көгершін, тоқылдақ, үкі, шағала, торғай.* ***Көрнекіліктер:** суреттер, тірек сызбасы, ойыншықтар, құстардың суреттері.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***“Шаттық шеңбері”*** ***Е. Өтетілеуұлы*** *Бала,бала,баламыз* *Бақшамызға барамыз* *Күні бойы қызыққа* *Батамыз да қаламыз* ***Ой қозғау.*** *- Әріп дегеніміз не?* *- Дыбыс дегеніміз не?* *- Әріппен дыбыстың қандай айырмашылығы бар?* *- Буын дегеніміз не?* *- Әр буында неше дауысты дыбыс болады?* ***Тосын сәт*** ***Есік қағылып хат келу.*** ***Тапқышбек тапсырмалар жіберген*** *Тапқышбектің тапсырмаларды орындау.* *1 тапсырмасы:* ***Ойын: «Жоғалған буын»*** ***Шарты:** жоқ буындарды тауып қосып, сөз шығару.* *Мыс: кө-гер--шін, тор -ғай, ақ -қу, тыр-на, ша-ға-ла, қар-лы-ғаш, то-қыл-дақ, қар-ға, ү-кі.* ***2 тапсырмасы:*** ***«Сөйлем құрастыру»*** *-Аспанда шағала (ұшып жүр.)*	*Балаларды денсаулығын сақтауға, түрлі аурулардың алдын ала білуге үйрету.Зиянды әдеттердің аулақ болуға тәрбиелеу.* ***Оқу қызметінің барысы.*** *1.Жыл мезгілін,апта күнін сұраймын.* *2.Хат келеді.* *Мен сендерге сәлемдеме жіберіп отырмын. Кірқожалақ балаға тазалық туралы айтып түсіндіріңдерші, өтінем!* *3.Сұрақ-жауап* *-тазалық дегеніміз не?* *Суретпен жұмыс* *4.Ойын: «Жақсы жаман»* *Мен тісімді күніне екі рет тазалаймын (Жақсы)* *Мен тәттіні көп жеймін (Жаман)* *Мен тамақ ішер алдында қолымды жуамын (Жақсы)* *Мен шашымды тарамаймын (Жаман)* *5.Сергіту сәті.* *6. Денсаулық туралы қарапайым ережелерді есте сақтаңдар күніне кем дегенде 2 рет тіс жуу керек.* *- Ұқыпты таза жүру керек.* *-Әрдайым спортпен шұғылдану керек* *-Дұрыс тамақтану*

	болып бөлінеді. ***Тірі табиғат —*** *олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету.* ***Өлі табиғат —*** *қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді.* ***Слайд. Көрсету.*** ***Ойын: «Табиғатқа қалай көмектесе аламын?»*** *Ойынның шарты:* *Балаларға доп лақтыру арқылы.* *- Ауа таза болу үшін не істеу керек? Ағаш, гүл егу* *- Су мөлдір болу үшін не істеу керек? Ластамау* *- Ағаштарға қалай көмектесе аламыз? Су құю, қопсыту* *- Судағы жәндіктерге қалай көмектесеміз?* *- Құстарға қалай көмектесеміз?* ***Ойын ойнату.*** *«Құм, тас, су».* *«Құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолмен мүсін жасап тұра қалу.Су дегенде толқын жасап қалу.* ***Топқа Табиғат ана кіреді.*** *Сендердің*	*сөздерін текшемен жазу.* *Тексеру. Жарайсыңдар.* *Тапсырмаларды Білмесбекке жіберу.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.*** ***2. Орыс тілі*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Денешынықтыру.*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4.Жапсыру.*** ***Тақырыбы****: «Жаз көрінісі»* ***Мақсаты:*** *Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын қалыптастыру.Қол қимылдарын дамыту.* ***ҰОҚ жүргізілу барысы*** ***Шаттық шеңбер*** *Армысың Алтын күн* *Армысың көк аспан,* *Армысың,қайырымды Жер Ана* *Армысың менің достарым!* ***Тосын сәт:*** *Есік қағылып пошташы хат әкеп береді.* *Хатты оқу.* *Сәлеметсіңдер ме,балалар.Құрметті балалар бұл хатты сендерге мұз патшалығы елдің балалары жазып отыр. Біздің елде жаз мезгілі болмайды.* *Сондықтан біз сендерден жаз туралы білгіміз келеді.* *Сендер көмектесесіңдер ме?* ***Ой дамыту.*** *Балалар арнайы түсірілім*	*келіпті.Сендерге тапсырма алып келіпті.* ***1-тапсырма .*** ***Жұмбақ жасыру:****«Бұл қай кезде болады»* *1. Ұйқымыздан тұрамыз,* *Беті қолды жуамыз.* *Әкемізге ереміз,* *Бақшамызға келеміз.* *(Бұл қай кезде болады?)****(Таңертең)*** *2. Сабақ оқып, ойын ойнап,* *Серуендеп қайтамын.* *Тамағымды ішіп,* *Түсте ұйықтап жатамын.* ***(Күндіз)*** *3. Біз тәртіпті баламыз,* *Сабақты да оқимыз.* *Серуенге шығамыз,* *серуендейміз.****(Түс)*** *4. Ұйқыдан тұрып,* *Беті қолды жуып,* *Төсекті жинап,* *Таза ауа жұтып,* *Кешкісін үйге қайтамын.****(Бесін)*** *5. Күн батады қызарып,* *Анамызды күтеміз.* *Бұл қай кез.****(Кеш)*** *6. Үйге келіп кино көріп,* *Ойыншықтарды жинастырып,* *Беті – қолды жуып,* *Тісімді тазартып,* *Ұйықтауға жатамын. (Түн)* *Жақсы қатысып отырған топқа бір бірден смайлк беріп отырамын.* ***2- тапсырма. « Аптада неше күн бар?»*** *Бір аптада неше күн бар?* ***3- тапсырма. «Жұмыс***	*-Ұяда екі (жұмыртқа) жатыр.* *-Балапан аулада (жүгіріп жүр.)* *- Орманда тоқылдақтың (дауысын естідік)* ***3 тапсырмасы:*** ***«Сөзді сөйлемге жалға»*** ***4 тапсырмасы:*** ***«Жоғалған сөздер» ойыны.*** ***Шарты:*** *тақтаға кейбір сөздері түсіп қалған сөйлемдер жазылған плакат ілінеді.* ***Мыс:*** *Көктем.... Жер.... Құстар.... Балалар құстарға.....* ***Сергіту сәті:*** *Шаршағанда ырғалып,.* *Гүлге ұқсап дем алсам.* *Қанатымды бір қағып,* *Гүлдей болып жайқалам.* ***5 тапсырмасы:*** ***Үзік сызықтарды қос.*** ***6 тапсырмасы:*** ***Сөзжұмбақты шеш*** ***Д/о: «Сөз ойла, көп ойла»*** ***Шарты:*** *балаларды 2 топқа бөліп жарыстыру. Көп сөз айтқан топ жеңеді.* *Шапалақ әдісі арқылы балаларды мадақтау.* ***Қортынды.*** ***Сұрақ-жауап.*** ***2.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *Кім күшті? ертегісі* ***Мақсаты:*** *Балаларды сұраққа толық жауап беруге, шығармадағы негізгі ойды таба білуге үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу***	*керек.* *-Күнде жуынып жүру керек.* *-Әрдайым жеміс-жидек, көкөністерді жуып жеу керек.* *7.Қорытынды.* *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* ***2.Мүсіндеу.*** ***Тақырыбы:*** *Торғайды қорғаймыз.* ***Мақсаты****: торғайдың өзіндік ерекшеліктерін келтіре отырып, мүсіндей білуге үйрету. Шымшу, басу, тегістеу тәсілдерін меңгеру дағдыларын бекіту* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы*** ***Шаттық шеңбер.*** *Біз бақшаға ризамыз,* *Апайларға ризамыз.* *Асыр салып ойнаймыз,* *Өмірге де ризамыз!* *(Г.Бектұрова)* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Үнтаспадан құстардың дыбыстарын тыңдату.* ***Ой қозғау.*** *Нені дауысы?* *Қандай құстардың дыбыстарын есітіп тұрсыңдар?* *Балалардың жауаптары.* ***Тосын сәт.*** *Торғай ұшып келеді.* *Балалардан көмек*

	қамқорлықтарыңызды көріп риза болып тұрмын.Өте ақылды балалар екенсіңдер.Табиғатты өте жақсы көресіңдер екен.Мен сендерген сыйлық әкелдім.Ал ендеше мен өз табиғат әлеміне әрі қарай сапар шегейін сау болыңыздар. Балалар, Табиғат анамен қоштасады. ***Қорытынды .(****Суреттен тірі табиғатты жасыл, өлі табиғатты қызылмен бояу)* *Балалардың жұмысын бақылау,мадақтау.* ***2.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Жаратылыстану.*** ***Тақырыбы:*** ***«Құмды зерттеймін»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды құрғақ және дымқыл құммен таныстыру. Ерекше қасиеттерін атап айтқызу* ***ҰОҚ өтілу барысы:.*** ***Шаттық шеңбер:*** ***Х. Талғаров «Дос болайық бәріміз»*** *Дос болайық, бәріміз,* *Жарасып тұр әніміз.* *Тыныштықты сақтаймыз,* *Атсын күліп таңымыз.* ***Мига шабуыл*** ***Сұрақ-жауап.*** *Балалар табиғат дегеніміз не?* *Табиғат екіге бөлінеді.* *Жанды жансыз*	*жасайық. (видеоға түсіру).Сосын сол түсірілімді таспаға жазып жолдап жіберейік жарайма?* *Ой қозғау.* *Жаз мезгілі қандай болады?* *Жаз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *Қандай ойындар ойнасыңдар?* *Балалардың жауаптары.* ***Ой дамыту.*** *Балалар, енді достарымызға жаз мезгілінің суретін қағаз бетіне жапсырып берейік.* *Балалар жаз мезгілін салғанда қандай көрініс көз алдына елестетеміз?* *Балалардың жауаптары* ***Тақтадағы суретпен жұмыс.*** *Тақтаға даланың суреті жапсырылған көлемді сурет ілу* *Балалар не көріп тұрсыңдар?* *Дұрыс,таулар, шөптер, сулар, гүлдер,күн, ағаштар.* *Гүлденген жаз мезгілі қандай әдемі.* *Ендеше, келіңдер біз бірге гүлденген жаз бейнесін жапсыру тәсілімен танысайық.* ***Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету,түсіндіру.*** ***Қауіпсіздік ережесін еске түсіру.*** *Жапсыру арқылы түсті қағаздан алдымен шөптерді жапсырамыз. Келесі тауды жапсырамыз,содан кейін болса күнді жапсырамыз. Ал ендеше суды жапсырайық.*	***күндері қандай?»*** *- Қанша жұмыс күні бар?* *- Неше күн демаласыңдар?* *- Балалар сонда аптада қанша күн бар?* *- Қанша демалыс күні бар?* *- Балалар бүгін қандай күн?* *- Ертең қандай күн болады?* *Мадақтау.* ***Сергіту сәті (бейне ролик)*** ***Дидактикалық ойын:*** ***Зейінді бол!*** *шарты : Егер дұрыс болса, балалар алақандарын шапалақтайды, дұрыс емес болса, аяқтарын топылдатады.* *- Алдымен кеш түседі, содан соң түн болады.* *- Біз таңертеңгілік тамақты кешке ішеміз.* *- Біз түнде серуендейміз.* *- Күндізден кейін кеш болады.* ***Әр тоқа тапсырма.*** ***Бұл қашан болады?» ойынын ойнаймыз.*** *Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді ажыратып қойып шығу. (Алдымыздағы өзіміздің іс-әрекетіміз бейнеленген суреттерімізді қойып шығамыз).* *Балалардан қай тәулік бөлігі екенін сұраймын.* ***Қорытынды.*** *-Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?* *-Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап*	***қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі:*** ***Шаттық шеңбері.*** *Бақшамызға барамыз,* *Досымызды табамыз.* *Сәлемет пе, міне мен* *Доспын енді сенімен.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Балалар мен ертегі кейіпкерлерінен хат алдым. Келіңдер дөңгелене отырындар, мен сеңдерге хатты оқып беремін.* *«Қымбатты балалар!* *Біз ертегі орманның тұрғындарымыз.* *Сіздерді қонаққа шақырамыз...»* *Сендер қонаққа барғыларын келе ме?* ***Ой дамыту.*** *біз қонаққа бармас бұрын, бұл хат қай ертегіден екенін табуымыз керек.* *Біз жұмақтарды шешуіміз керек.* ***Мига шабул*** ***Жұмбақтар жасыру.*** *Көлге жапқан қақпақ,* *Сіресіп тұр,* *Қатты ақ. **(Мұз)*** *Мысықтан бұл қорқады,* *Бұдан піл қорқады. **(Тышқан)*** *Қылдай белі бүгілген,* *Өзінен де жүгі үлкен.* ***(Құмырсқа)*** *Көтеріліп теңізден,* *Аспанға биік барамын,* *Биіктен қайта түскенде,* *Өңі кірер даланың **(Жаңбыр)*** *Аласа ғана бойы бар,* *Айналдырып киген тоны бар* ***(Тоқты)***	*сұрайды.* *Досым жоқ. Маған дос керек дейді.* *Көмектесеміз бе?* ***«Жапалақ ойынын» ойнайық.*** *«Күн» дегенде балалар ұшады, жапалақ ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады. Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді .* *Торғайға көмектесейік.* ***Мүсіндеудің әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.*** *Балалардың жұмыстарын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Сергіту сәті*** *Кәне қанат жазайық,* *Құс боп желмен ұшайық .* *Ұшып –ұшып алайық,* *Ұямызға қонайық .* *Балалар жұмыстарын қорытындылайды.* ***Қорытынды.*** *Көрме ұйымдастыру.* *Балалардың жұмысын мадақтау.* *Жасаған жұмыстырын торғайға беру.* *Торғай қуанып балалармен қоштасады.* ***Сұрақтар ілмегі әдісі.*** *Балалар бүгін бізге қандай құс ұшып келді?* *Балалар біз торғайға қандай көмек бердік?* *Балалар, торғайдың*

	Қалай ойлайсыңдар тірі табиғатқа не жатады? *-Дұрыс* *адамдар,құстар,жануарлар. өсімдіктер,ағаштар* *Яғни, көбиетін,* *қоректенетін, өсетіндер жанды табиғатқа жатады.* *Ал жансыз табиғатқа не жатады?* ***Жұмбақ жасыру:*** *Жер бетінде жатады* *Онымен ойнайсың* *Әр түрлі мүсін жасайсың.**Құм*** ***Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.*** *Балалар бүгін сендермен біз ғалымдар боламыз.* *Ал ғалымдар деген кім?* *Дұрыс,бүгін сендермен құмның қассиетін зерттеуге барамыз.* *Қазақстан еліміз шөлді далалар бар екен.* *Ол жерде шөлгетөзімді жануарлар ғана мекендейді.мысалы: түйе. кесіртке,құрт т.б* *Балалар қарандаршы құмдар төбешіктер болып жатыр.* *Қане біз алдымыздағы құмнан осындай төбешік жасап көрейік* *Құммен жұмыс жасамай тұрып қауіпсіз ережесін еске түсірейік.* *Ал құмды не үшін пайдалануға болады?* *Құрылыста,ыдыс жасағанда ,шыны ,айна.балалар сендер ғалымдар боласыңдар.*	*Енді біздің даламыздың гүлденіп тұруы үшін гүлдер мен талдарды өз орнына жапсырып қоямыз.* ***Сергіту сәті (саусақ жаттығуы) :*** *Қолды үстелге қоямыз,* *Саусақтарды санаймыз:* *1, 2, 3, 4, 5* *5,4 , 3 , 2 ,1* *Екі қолды біріктір.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды.*** ***Галерея шарлау әдісі.*** *3 шапалақ әдісі арқылы бағалау.* *Балаларды мадақтау.* *Жасаған жұмыстарын хатка салып ,бейнетаспаны достарына жіберу.* *Балаларды мадақтау.*	*көмектестік.* *Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Жақсы қатысқандары үшін жұлдызшамен марапаттаймын.* ***2.Денешынықтыру*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Музыка*** ***Педагог жоспары бойынша*** ***4. Өзін-өзі тану.Қайталау.*** ***Тақырыбы:****Табиғат-Ана.* ***Мақсаты:*** *Тірі табиғат құбылыстарын бақылай білуді қалыптастыру, табиғаттың әсемдігін сезінуге тәрбиелеу.* ***Әдіс-тәсілдер:*** *шаттық шеңбер,ой қозғау,дидактикалық ойын, әңгімелесу, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын.* ***ҰОҚ өтілу барысы*** ***1.Шаттық шеңбер*** *Табиғат біздің анамыз,* *Табиғатқа баламыз* *Иіліп сәлем береміз* *Біз әдепті баламыз.* ***II. Ой қозғау.*** ***Педагог жетекшілігімен ойын: «Шатастырма»*** *1.Көктемде қар жауады.* *2. Қазір жаз мезгілі?* *3.Көктемде қар ериді?* *4Қыста жапырақтар сарғаяды?* *5.Жаз ең суық жыл мезгілі?* *7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?*	*Жарайсындар, балалар сендер жұмбақтардың жауабын таптыңдар.* ***Ой қозғау.*** *Бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі?* *-Дұрыс, бұл кейіпкерлердің бәрі «Кім күшті» ертегісінде кездеседі.* *Сендер ертегі әлемінде көретін ертегіні тауып алдындар. Жарайсындар !* ***«Кім күшті» ертегісін оқып беру.*** *Ал, енді көздеріңді жұмып 1-5 дейін санандар* *Ертегігелер еліне қош келдіңдер!* ***«Кім күшті?» ертегісін сахналау.*** *Әр бала бет перде киіп ертегіні сахналайды.* *Мадақтау.* ***Балабақшаға оралу.*** *Көздеріңді жұмып 1-5 дейін санандар* *Міне біз сүйікті балабақшамызға оралдық.* ***Сұрақтар ілмегі*** *Сендер қандай ертегіні тамашаладыңдар?* *-Сендерге ертегі ұнады ма?* *-Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады?* *-Кім өз ролін жақсы орындап шықты?* *Ертегінің кейіпкерлеріне көп рахмет.* ***"Кім жылдам?"*** *ойынын ойнатып оқу қызметін қорыту .* *Белсенді қатысқан балаларды мақтап , мадақтау .*	*дене құрылысына сипаттама беріңдерші. Торғай немен қоректенеді?* *Балаларды мадақтау.*

	Тәжрибе№1 ***1-нұсқа.****Ыдыстағы құмды түтікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия.* ***2-нұсқа.*** *Қасықтың көмегімен төбешік жасау. Құм қандай?* *Сусылдақ, жылжымалы.* ***Тәжірибе №2*** *Енді ылғалды құмды байқайық, құмды үрлеп көрейік үрленбейді. Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық.* *Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қаратүсті.* ***Сергету сәті:*** *Күн болып жанайық* *Мөлдір судай ағайық* *Гүл болып жайнайық* *Терең-терең домалап* *Жүргіріп-жүгіріп алайық.* ***Тәжірибе№3*** *Енді стакандағы суға «воронка» қасықпен құм салайық,не байқадық тесіктен өтіп кетті су сияқты ия. Яғни құм сусымалы және ол суға батып кетті ,ол ауыр екенін байқадық* ***Ой қозғау.*** ***Дид ойын: «Тілші»*** ***Шарты:*** *Балаларға микрофонды беріп ұоқ алған білімдерін тексеру.*		***3. Ой дамыту:*** *Глобусты үстел үстіне қойып, не екенін сұрау.* *-Глобустың пішіні қандай?* *-Глобустан қандай түстерді көріп тұрсыңдар? Ол түстер нені белгілейді?* *-Біздің жерімізде құрғақ жер көп пе, су көп пе?* *Жер ғаламшары туралы түсінік беру.* *Жер бетіндегі ауа, су, жарық болғандықтан, онда адамдар, құстар, жануарлар тіршілік етеді.* ***4.«Табиғатты аялайық» ойыны*** *Әр бала тірі табиғат түрлерін плакатқа жапсырып, табиғат көрінісін бейнелей отырып әңгімелейді.* *Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді.* *Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді.* *Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.* *Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.* *Көбелекті өлтірмеңдер, ол — әдемілік белгісі.* *Құсты атуға болмайды, құс — адамның досы.* *Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.* ***Сергіту сәті.*** *Біз кішкентай баламыз,* *Өсіп-өсіп толамыз.* *Күнге қарай талпынып,* *Көкке қолды созамыз.* ***6.Ой толғаныс.***	***3.Сурет салу*** ***Тақырыбы.****Қой* ***Мақсаты.*** *Үлгіге сүйене отырып, дайын қойдың үстіне мақтамен жапсыруды үйрету. Қылқаламға желімді ұқыпты жағып алып, сулық-пен қолдану іскерліктерін дамыту.Ұқыптылыққа тәрбиелеу.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы*** ***Дидактикалық ойынын.*** *«Не қалай дыбыстайды?»* *Үнтаспадан үй жануарларының дыбыстарын тыңдай отырып, қай жануардың дыбысы екенін ажыратып айыруларың керек (үнтаспадан жылқы, түйе, сиыр, қой, ит, мысықтың үндерін тыңдату)* ***Ширату.*** *Жұмбақ жасыру: Кішкентай ғана бойы бар,* *Айналдырып киген тоны бар. (Қой)* ***Ой қозғау.*** *Бұл нені суреті?* *Қойдың төлін не дейміз?* *Қойды қалай шақырамыз?* ***Тосын сәт.*** *Ата келеді.* *Балалармен амандасады.* *Ата балалардан көмек сұрайды.* *Қойларын жоғалтып алған.* *Атаға көмектесеміз ба?* ***Үлгі көрсету,түсіндіру.*** *Қойдың сұлбасын бастырып, үстіндегі жүнін мақтадан жапсыру.*	

	Сендерге сабақ ұнадыма? Өз-өзін бағалау әдісімен қортындылау. *Мына ыдыста тағы бір құпия, бар кане ашып көріндерші не бар? Астында күн көзі. Күн сияқты жайнап,жадырап жүріңдер.* ***Қортынды*** ***Балаларды мадақтау.*** ***4.Құрастыру.*** ***Тақырыбы:*** *Жануарларларға қора жасаймыз* ***Мақсаты:****Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту.* ***Ресурстар:*** *Құрылыс материалдары.* *I.* ***ҰОҚ өтілу барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Қуан шаттан, алақай!* *Қуанатын келді күн,* *Қайырлы таң! Қайырлы күн !* *Күліп шықты күн бүгін.* ***II.Қызығушылықтарын ояту.*** ***III. Ой қозғау.*** ***Суретпен жұмыс*** *-Қандай жануарлар қорада тұрады? Үй жануарлары.* *-Қора не үшін керек?* *-Үй жануарларына кімдер қамқорлық жасайды.* ***Педагог жетекшілігімен ойын:*** *«Жануарларды қорға кіргіз»* ***Құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.***		*Сұрақ – жауап.* *-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?Табиғат байлықтарына нелер жатады?* *-Оны қорғау деген не?* *-Табиғатты сүйе білу деген не?* ***7.Қорытындылау.***	***Сергіту сәті.*** *Қошақаны қойдың,* *Қайда қалып қойдың.* *Бұлтиып тұр бүйірің* *Қай өрістен тойдың.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* *Балалардың жұмысын қорытындылау.* ***Көрме ұйымдастыру.*** *Ата балалардың жұмысын көріп,мадақтайды.* *Рахмет айты қоштасады.* *Балаларды мадақтау.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Атауын естіп, дыбысын сал».* *Бір түліктің атауын атаймын, балалар төрт түліктің қимылымен, дыбыстарын салады.* ***Қорытынды.*** *Балалар топқа кім келді?* *Атаға не жасап бердік?* *3 шапалақ әдісі арқылы*	

	Сергіту сәті. *Қолды созып алдыңа,* *Қайшылашы беріліп.* *Ұста мұны жадыңда,* *Кеудең тұрсын керіліп.* */қолды созып, қайшылау, керілу/* ***Балалардың өз бетінше жұмыс істеуі.*** *Балаларға сұрақтар қою арқылы қорытындылау.* *Бүгін біз не құрастырдық? -Сендер қораны неге арнап салдыңдар?* *-Не үшін қажет?* *-Қандай жануарларды үй жануарлары деп атаймыз?* *Жасаған жұмыстары үшін балаларды жеке-жеке марапаттау.* ***Қортынды шапалақ әдісі***				
Серуенге дайындық	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №1*** ***Ауа райын бақылау***	***Картотека № 2*** ***Күнді бақылау***	***Картотека № 3*** ***Желді бақылау***	***Картотека № 4*** ***Аспанды бақылау***	***Картотека № 5*** ***Бұлтты бақылау***
	КӨКТЕМ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ. *(картотека қосымша тігілген)*				
Серуеннен оралу	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары	***Жаттығу кешені №6*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***Жаттығу кешені №7*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені №8*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***Жаттығу кешені №9*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***Жаттығу кешені №10*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*
	«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН. *(Картотека қосымша тігілген)*				

Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»*** *Бақыт деген, шырағым* *Мынау әсем тұрағың.* *Ну ормандар, гүл бағы,* *Күннің күліп тұрғаны* *БАҚЫТ- дәні даланың,* *«Ботам» деуі әжеңнің,* *Тыныштығы әлемнің.*	***Вариативтік бөлім***	***Мен де балғын гүлмін*** ***Автор. М. Байсариева*** *Арасынды гүлдің* *Ойнап бүгін жүрдім* *Қызыл, көкшіл, сары* *Әп-әдемі бәрі* *Енді ғана білдім-* *Мен де балғын гүлмін!* ***Дидактикалық ойын:*** *Үстел -үсті ойыны пазл:* ***«Өз үйіне орналастыр»*** ***Мақсаты:****логикалық ойлау қабілетін дамыту.*	***Вариативтік бөлім***	***Вариативтік бөлім((***
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №1*** ***Ауа райын бақылау***	***Картотека № 2*** ***Күнді бақылау***	***Картотека № 3*** ***Желді бақылау***	***Картотека № 4*** ***Аспанды бақылау***	***Картотека № 5*** ***Бұлтты бақылау***
	ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕЗЕҢІН БЕКІТУ.				
Балалар-дың үйге қайтуы	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*